



Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросы

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

## ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ 10 қаңтар 2021 жыл

ДИАҚБ Шектеулі сайлауды бақылау миссиясы  
Қорытынды есеп



Варшава  
26 наурыз 2021 жыл

## МАЗМҰНЫ

|       |  |    |
|-------|--|----|
| I.    | ҚЫСҚАША ШОЛУ .....   | 1  |
| II.   | КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫС СӨЗДЕРІ.....  | 4  |
| III.  | ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ ЖӘНЕ САЯСИ МӘНМӘТІН.....  | 5  |
| IV.   | САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ .....  | 7  |
| V.    | ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗ .....   | 8  |
| VI.   | САЙЛАУ ӘКІМШІЛІГІ.....   | 9  |
| VII.  | САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ .....   | 11 |
| VIII. | ҮМІТКЕРЛЕРДІ ТІРКЕУ .....  | 13 |
| IX.   | САЙЛАУ НАУҚАНЫ.....  | 16 |
| X.    | НАУҚАНДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ .....  | 19 |
| XI.   | БАҚ.....   | 21 |
| A.    | ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА .....  | 21 |
| B.    | БАҚ ЖАҒДАЙЫ.....   | 23 |
| C.    | БАҚ МОНИТОРИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....   | 24 |
| XII.  | ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ .....   | 24 |
| XIII. | АРЫЗДАР МЕН ШАҒЫМДАР.....  | 25 |
| XIV.  | САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ.....  | 27 |
| XV.   | САЙЛАУ КҮНІ .....  | 29 |
| XVI.  | САЙЛАУДАН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР .....   | 31 |
| XVII. | ҰСЫНЫМДАР .....  | 31 |
| A.    | БАСЫМ ҰСЫНЫМДАР .....  | 32 |
| B.    | БАСҚА ҰСЫНЫМДАР.....   | 32 |
| I     | ҚОСЫМША: ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕР .....   | 35 |
| II    | ҚОСЫМША: ШЕКТЕУЛІ САЙЛАУДЫ БАЙҚАУ МИССИЯСЫНА ҚАТЫСҚАН<br>БАЙҚАУШЫЛАР ТІЗІМІ..... | 36 |
|       | ДИАҚБ ЖАЙЛЫ .....  | 37 |

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ**  
**10 қаңтар 2021 жыл**

**ДИАҚБ Шектеулі сайлауды бақылау миссиясының Қорытынды есебі<sup>1</sup>**

**I. ҚЫСҚАША ШОЛУ**

Қазақстан Республикасы билігінің шақыруы бойынша және өз мандатына сәйкес ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы (ДИАҚБ) 2021 жылғы 10 қаңтарда өткен парламенттік сайлауды байқау үшін сайлауды байқау бойынша шектеулі миссиясын (ШСБМ) жіберді. ДИАҚБ ШСБМ сайлау барысының ЕҚЫҰ міндеттемелеріне, басқа да халықаралық міндеттемелер мен демократиялық сайлау стандарттарына, сондай-ақ ұлттық заңнамаға сәйкестігін бағалады. Қысқа мерзімді сайлауды бақылау мақсатында ДИАҚБ ШСБМ мен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының өкілеттігінің бірлескен бастамасы ретінде сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссия (ХСБМ) құрылды.

11 қаңтар күні ХСБМ жария еткен Алдын ала деректер мен қорытындылар жөніндегі мәлімдемеге сай: «10 қаңтар күні Қазақстанда өткен парламенттік сайлау шынайы бәсекелестіксіз өтіп, жарияланған саяси реформалардың маңыздылығын көрсетті. COVID-19 індетіне байланысты қиындықтарға қарамастан, сайлау техникалық тұрғыдан тиімді ұйымдастырылды. Сайлау үдерісіне бес саяси партия қатысып, олардың кандидаттары еркін түрде науқандарын жүргізе алғанымен, конституциямен кепілдендірілген негізгі бостандықтардың тежелуі саяси кеңістікті шектеді. Алдыңғы парламенттік сайлаудан бері құқықтық негіздемеге жиі өзгертулер енгізілді, олардың кейбірі ДИАҚБ алдыңғы ұсыныстарының біразын қамтыды. Дегенмен, құқықтық негіздемеде, әлі де көпжылдық жүйелі бұзушылықтар сақталып келе жатқандықтан, сайлауды өткізу бойынша ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес емес. Онлайн кеңістіктегі көзқарастардың түрлілігі көбейіп келе жатқанына қарамастан, сылбыр өткен сайлау науқаны сайлаушылардың саналы түрде таңдау жасау қабілетін одан ары шектеді. Сайлау алдындағы кейбір қасақана жасалған әрекеттер азаматтық байқаушылардың тиімді жұмыс атқаруына кедергісін келтірді. Дауыс беру үдерісі тиімді ұйымдастырылғанымен, сайлау күнгі рәсімдер толық айқындылыққа ие болған жоқ.

Сайлауға қатысты заңнама соңғы парламенттік сайлаудан бері жиі өзгеріп отырғанына қарамастан, демократиялық сайлауға қатысты бірқатар халықаралық міндеттемелерге сәйкес келмейді. Сайлау туралы заңға енгізілген түзетулер мүмкіндігі шектеулі сайлаушылардың қатысуын кеңейтуге бағытталған. Басқа түзетулер ДИАҚБ-ның бұрынғы кейбір ұсыныстарын, соның ішінде саяси партияны тіркеуге қажетті мүшелер санын қысқартуға, көпшілік жиналыстарды өткізу рәсімдерін өзгертуге, жала жабуды қылмыстық сипатынан айыруға және әйелдердің кандидат ретінде қатысуын кеңейту бойынша арнайы шаралар енгізу сияқты ұсыныстарын тек жарым-жартылай орындады. ДИАҚБ-ның басқа да баяғыдан келе жатқан бірқатар ұсынымдары, оның ішінде негізгі бостандықтарға, сайлау әкімшілігінің бейтараптығына, сайлауда дауыс беру және дауысқа түсу құқығына, сайлаушыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын тіркеуге және сайлау нәтижелерін жариялауға қатысты мәселелер назардан тыс қалып отыр. Конституциямен кепілдендірілген негізгі бостандықтар әлі де заңмен айтарлықтай шектелген және азаматтық қоғамның өркендеуі мен балама дауыстар үшін кеңістік шектеулі.

---

<sup>1</sup> Бұл есептің тек ағылшын тіліндегі нұсқасы ресми құжат болып табылады. Бейресми аудармалары қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Сайлауға дайындықты барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары COVID-19 пандемиясының жағдайында заңмен белгіленген мерзімге сәйкес тиімді жүргізді. Билеуші партияның Парламентте және жергілікті кеңестерде үстемдігін ескере отырып, барлық деңгейдегі комиссиялардың тағайындалуы олардың тәуелсіздігіне қатысты алаңдаушылық тудырды. Денсаулық сақтау министрлігі Орталық сайлау комиссиясымен (ОСК) бірігіп сайлау күні үміткерлерді ұсынуға, сайлау-алды науқанын өткізуге және сайлау күнгі тәртіптерге қатысты денсаулық сақтау шараларын қабылдады. ОСК жүйелі түрде ашық отырыстар өткізіп, шешімдерін уақытылы жариялап отырды. Алайда, шешімдердің көпшілігі ресми отырыстар басталғанға дейін ОСК мүшелері арасында келісілген сияқты, бұл ашықтыққа теріс әсер етті. ОСК жүргізген қарқынды ақпараттық науқан негізінен сайлаушылар тізімдері мен сайлау күндерін тексеруге бағытталған. Билік мүгедектігі бар адамдардың сайлау үдерісіне, соның ішінде ақпаратқа қолжетімділік пен сайлау учаскелеріне кедергісіз жетуге жәрдемдесу үшін айтарлықтай күш салды.

Сайлаушылардың ұлттық электрондық тізілімінде шамамен 12 миллион адам тіркелген. Бірқатар жергілікті және ұлттық мекемелер сайлаушылар тізімін дайындауға және тексеруге тартылды. ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушыларының көпшілігі қоғамдық бақылауға ашық сайлаушылар тізімдерінің дәлдігі туралы алаңдаушылықтарын білдірген жоқ. Озық халықаралық тәжірибеге қайшы, сайлаушылар сайлау күні сайлау учаскелерінде әкімшілік немесе сот бақылауынсыз сайлаушылар тізіміне енгізілуі мүмкін болды, бұл бірнеше рет дауыс беруге мүмкіндік береді. Сот шешімімен зияткерлік және психоәлеуметтік кемшіліктер бойынша әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтар, сондай-ақ қылмыстық жауаптылыққа сотталған адамдар өздері жасаған қылмыстың ауырлығына қарамастан, дауыс беру құқығынан айырылған, бұл халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді.

Кандидаттарды тіркеу халықаралық стандарттарға қайшы келетін, сайлауға түсу құқығына қойылатын тым қатаң талаптармен белгіленген. Бес бәсекелес партия барлығы 312 кандидатты ұсынды, дегенмен тек екі партия парламенттегі көпшілік үшін бәсекеге түсу үшін жеткілікті кандидаттарды ұсынуға шешім қабылдады. Партиялық тізімдегі жеке кандидаттар туралы ақпарат сайлаушыларға оңай қолжетімді болмады. Соңғы заңнамалық өзгерістерге қарамастан, қауымдастық бостандығын жүзеге асыруда айтарлықтай кедергілер сақталуда және саяси мүмкіндіктер ауқымы шектеулі, ал 2013 жылдан бастап бірнеше талпыныстарға қарамастан, жаңа партиялар тіркелмеді.

Әйелдер саны саяси өмірде жеткіліксіз болып табылады. Үміткерлер тізімінде әйел адамдар мен (немесе) жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді, бірақ Парламенттегі орындарды бөлу кезінде партиялар осы квотаны сақтауға міндетті емес. Бұл сайлауда әйел адамдар кандидаттардың 28,8 пайызын және Парламенттің жаңа мүшелерінің 26 пайызын құрады. Әйелдер төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларында кеңінен ұсынылғанмен, ОСК-ның жеті мүшесінің тек екеуі ғана әйел адам. Гендерлік теңдік тақырыбы науқан барысында аз қозғалған тақырып болды және бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе тек ер үміткерлерге назар аударды.

Науқан бәсекелестіксіз өтті және қатысушылар өздерінің саяси платформаларында қарсыластарын іс жүзінде сынамады. Барлық бәсекелес партиялар президенттік саясатты ашық қолдап, осылайша сайлаушылардың таңдауын шектеді. Жалпы науқан сарыны позитивті болды және негізгі тақырыптар әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік қызмет көрсету төңірегінде дамыды. Интернеттегі және бетпе-бет науқандар шектеулі болды, соңғысы COVID-19 пандемиясына байланысты шектеулі болды. Екінші жағынан, әртүрлі тіркелмеген

оппозициялық қозғалыстар онлайн кеңістікте әлдеқайда белсенді болды. Жиналыстар мен пікір білдіру бостандығына жүйелі шектеулер сайлау-алды науқанының аясындағы шаралардың ауқымына әсерін тигізді. Бейбіт жиналыстар туралы заңның өзгертілуіне қарамастан, іс жүзінде жергілікті биліктің кейбір көшедегі науқан шараларына қатысты жиналыстарды өткізуге рұқсат беру қажеттілігі сақталуда.

Партиялық науқан қорларына жарналардың көздері мен шекті мөлшеріне қатысты ережелер қарастырылғанымен, жеке қайырымдылыққа қойылған шектеулер қойылмаған, бұл өз кезегінде шектен тыс ықпал етуге мүмкіндік береді. ОСК сайлау науқаны кезінде және одан кейінгі партиялардың кірістері мен шығыстары туралы жиынтық мәліметтерді жариялады. ОСК сайлауға қатысушылардың сайлау-алды науқанын қаржыландыру туралы есептерін жарияламады, бұл ашықтықты шектеді. ОСК сайлау-алды науқанын қаржыландыру бойынша формалды, бірақ мәнді емес қадағалауды жүзеге асырады.

Атап айтқанда диффамация, «экстремизм» және алауыздықты қоздыруға қатысты шамадан тыс кең және анық емес құқықтық ережелер, халықаралық құқыққа қайшы, сөз сөйлеуді қылмыстық жауапкершілікке тартады. Осы шектеулер негізінде, оның ішінде әлеуметтік желілердегі әрекеттері үшін бас бостандығынан айыру, қамауға алу және сотпен қудалау сөз бостандығын шектейді. Мемлекетпен иелену және ірі мемлекеттік субсидиялар теледидар станцияларының редакциялық тәуелсіздігіне нұқсан келтіреді. Жеке ұлттық БАҚ-тың көпшілігі үкіметке жақын кәсіпкерлерге тиесілі. Бақылауға алынған БАҚ науқанды шектеулі, бірақ тең дәрежеде қамтыды, алайда журналистік талдаудың болмауы сайлаушыларға олардың таңдауы туралы толық ақпарат берілмегенін білдірді. Дегенмен, интернеттегі жаңалықтар мен пікірлердің көптігі ұлғайып келеді. Теледебаттар сайлауға қатысушыларға платформаларын ұсынуға көптен күткен мүмкіндіктерін ұсынды.

Барлық бес саяси партия ұлттық азшылық топтарының арасынан кандидаттарын ұсынды, ал кейбір үгіт-насихат материалдары ұлттық азшылық топтарының тілдерінде дайындалды. Сайлаушылар үшін ақпараттық материалдар мен сайлау бюллетендері тек қазақ және орыс тілдерінде шығарылды. Науқан барысында ұлттық азшылық топтарына қатысты ешқандай кемсітушілік тілі байқалған жоқ. Қазақстан халқы ассамблеясы сайлаған Парламенттің тоғыз мүшесі қазақтардан басқа тағы жеті этникалық қауымдастықтан болады.

Заң мүдделі тараптардың құқықтық қорғау үшін өтініш жасау құқығын көздейді, бірақ сайлау нәтижелеріне шағым жасаудың нақты тегігін, сондай-ақ төмен тұрған сайлау комиссияларында дауларды шешудің тиісті процессуалдық кепілдіктерін қамтымайды. Сайлау күніне дейін өте аз шағымдар келіп түсті және ДИАҚБ ШСБМ-ның көптеген сұхбаттасушылары сайлау дауларын шешуге қатысты сенімсіздіктерін білдірді. Жоғарғы Сот ОСК-ға қарсы шағымдардың бір де бірін ресми негіздерге сүйеніп қабылдамады, осылайша тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз ете алмады.

Сайлау туралы заң азаматтық және халықаралық сайлауды байқауды қамтиды. Алайда, кейбір азаматтық бақылаушылар топтарының тиімді түрде байқау талпыныстары билік тарапынан қабылданған келісілген шаралармен шектелді. Сайлауға дейін аз уақыт бұрын басталған салықтық тергеулер, азаматтық бақылаушыларды жолатпау бойынша учаскелік сайлау комиссияларының кең еркіндігін көздейтін ОСК-ның жаңа қаулысы және COVID-19-ға міндетті тестілеу ережесін кешіктіріп енгізу азаматтық бақылаушылардың қызметіне бұрын-соңды болмаған қысым жасады.

ШСБМ сайлау күні сайлау барысын жүйелі немесе жан-жақты бақылаған жоқ. Байқауға алынған сайлау учаскелерінің шектеулі санында жалпы дауыс беру тиімді ұйымдастырылды және COVID-19-ға қатысты сақтық шаралары жақсы орындалды. Алайда, сайлау барысының көптеген аспектілері толығымен ашық болмады және азаматтық және халықаралық бақылаушылардың мазмұнды бақылауы көбінесе мүмкін болмады, бұл соның ішінде COVID-19 шараларына байланысты болды. Дауыстарды санау мен кестелеуді бақылау кезінде процедуралық кепілдіктер мүлдем ескерілмеді, бұл үлкен алаңдаушылық тудырды. Сайлау күні тыныш өтті, бірақ бірнеше қалаларда полицияның көп болуы алдын-ала жарияланған бейбіт митингілердің алдын алды. Барлық бәсекелес партиялар нәтижелерге қанағаттанғандықтарын білдіргенімен, тіркелмеген оппозициялық қозғалыстар сайлау кезінде бұрмаланулар туралы мәлімдеді.

Осы баяндамада Қазақстан Республикасындағы сайлауды ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық міндеттемелер мен демократиялық сайлау стандарттарына сәйкес келтіру жөніндегі күш-жігерді қолдау жөнінде ұсынымдар ұсынылады. Басым ұсынымдар заңнамада және іс жүзінде бейбіт жиналыстар, қауымдастықтар және сөз бостандықтарын толық құрметтеуді қамтамасыз ету, сайлауды кедергісіз бақылауды қамтамасыз ету, сайлау әкімшілігінің тәуелсіздігі мен ашықтығын арттыру, сайлау науқанын жазалаудан қорықпай өткізуге мүмкіндік беретін ортаға кепілдік беру, сондай-ақ сайлау нәтижелерінің тұтастығын қамтамасыз ету қажеттілігіне бағытталған. ДИАҚБ осы және алдыңғы есептерде қамтылған ұсынымдарды орындауда билікке жәрдемін көрсетуге дайын.

## II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫС СӨЗДЕРІ

Қазақстан Республикасының билігі 2021 жылғы 10 қаңтарда парламенттік сайлауды байқауға шақыруынан кейін, 2020 жылғы 27-29 қазан аралығында өткізілген ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының (ДИАҚБ) Қажеттілікті бағалау жөніндегі миссиясы Сайлауды байқау миссиясын ұйымдастыруды ұсынды. Кейіннен ДИАҚБ бақылау қызметінің форматын шектеулі сайлауды байқау миссиясына (ШСБМ) өзгерту туралы шешім қабылдады, себебі қысқа мерзімді бақылаушыларды орналастыру COVID-19 індетіне байланысты төтенше жағдайларға және ЕҚЫҰ-ның барлық аймағындағы сапарларға қойылған шектеулер үшін мүмкін болмады. Елші Ярослав Марчин Доманьски бастаған ДИАҚБ ШСБМ 8 желтоқсанда басталып, Нұр-Сұлтанда орналасқан 11 адамнан тұратын негізгі топтан және 15 желтоқсанда бүкіл ел бойынша орналастырылған 24 ұзақ мерзімді байқаушылардан тұрды.

Қысқа мерзімді сайлауды байқау үшін ДИАҚБ ШСБМ мен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы делегациясының (ЕҚЫҰ ПА) бірлескен қызметі шеңберінде халықаралық сайлауды байқау миссиясы (ХСБМ) құрылды. ЕҚЫҰ төрағасы міндетін атқарушысының шешімімен Кристиан Вигенин ЕҚЫҰ қысқа мерзімді байқаушыларының арнайы үйлестірушісі және басшысы болып тағайындалды. Осы ХСБМ-на қатысқан институттардың әрқайсысы 2005 жылғы Халықаралық сайлауды байқау қағидаттарының декларациясын мақұлдады. Жалпы алғанда ЕҚЫҰ-ға қатысушы 20 мемлекеттен 48 байқаушы, оның ішінде ДИАҚБ-дан 41 байқаушы және ЕҚЫҰ ПА-дан 7 байқаушы жіберілді; ХСБМ мүшелерінің 52 пайызы әйел адамдар болды. ДИАҚБ ШСБМ өткізу бойынша әдіснамасына сәйкес, миссия сайлау күні сайлау барысын жан-жақты немесе жүйелі түрде бақыламады, дегенмен сайлау күні бірқатар сайлау учаскелеріне барды. ДИАҚБ ШСБМ сайлаудан кейінгі оқиғалардың дамуын бақылау үшін Қазақстанда 19 қаңтарға дейін қалды.

ДИАҚБ ШСБМ сайлау үдерісінің ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық міндеттемелер мен демократиялық сайлау стандарттарына, сондай-ақ ұлттық заңнамаға сәйкестігін бағалады. Осы қорытынды есеп 11 қаңтарда Нұр-Сұлтанда өткен баспасөз мәслихатында жарияланған алдын ала тұжырымдар мен қорытындылар туралы мәлімдемеге негізделіп отырып дайындалған.<sup>2</sup>

ДИАҚБ ШСБМ Қазақстан Республикасының билігіне сайлауды байқауға шақырғаны үшін, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясына (ОСК) және Сыртқы істер министрлігіне (СІМ) әрекеттестік пен көмек көрсеткендері үшін алғыс білдіреді. Ол сондай-ақ басқа да ұлттық және жергілікті мемлекеттік мекемелердің, сот жүйесінің, саяси партиялардың, азаматтық қоғамның, бұқаралық ақпарат құралдарының, халықаралық қоғамдастықтың өкілдеріне және басқа да сұхбаттасушыларға әрекеттестіктері мен пікір алмасқаны үшін ризашылығын білдіреді.

### **III. ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ ЖӘНЕ САЯСИ МӘНМӘТІН**

2020 жылдың 21 қазанында президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың 10 қаңтарына парламенттің төменгі палатасына (Мәжіліске) тікелей дауыс беру бойынша сайланатын 98 мандатқа сайлауды бекітті. Бұл 2005 жылдан бергі толық бес-жылдық парламенттік қызметтен кейін өткізіліп жатқан алғашқы парламенттік сайлау болды. Парламенттік сайлаумен қатар, облыстық және аудандық деңгейлерде 216 жергілікті кеңеске (мәслихаттарға) сайлау өтті.<sup>3</sup>

Сайлау COVID-19 пандемияға және оған қатысты сақтық шараларға қарамастан, денсаулық сақтау бойынша және жалпы экономикалық шығындарға қоса, саяси жиындардағы адам санына қойылған шектеулер аясында өтті. Алайда пандемия сайлау науқанына да, сайлауды ұйымдастыруға да айтарлықтай әсерін тигізбегені көрінеді.

Конституция атқарушы билікке кең өкілеттіктер береді. Президент орындауға міндетті жарлықтар мен қаулылар шығарады, ішкі және сыртқы саясатты айқындайды, министрлер мен 17 облыс әкімдерін тағайындайды, сот төрешілері мен басқа да жоғары лауазымды тұлғаларды, оның ішінде 49 сенатордың 15-ін тағайындауда шешуші рөл атқарады. Ұлт Көшбасшысы (Елбасы) тұрақты атағы берілген елдің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев бірқатар ресми міндеттерін, оның ішінде Қазақстанның Қауіпсіздік Кеңесінің өмір бойғы Төрағасы, Конституциялық Кеңестің өмір бойғы мүшесі, және Мәжілістің тоғыз депутатын сайлайтын Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) өмір бойғы Төрағасы және құрметті сенаторы ретінде белсенді түрде атқаруды жалғастыруда.

Саяси көріністе билеуші «Нұр Отан» партиясы басымдық етеді. Партия мен атқарушы билік арасындағы айырмашылық көбінесе бұлыңғыр. Тұңғыш президент өзінің конституциялық міндеттеріне қосымша «Нұр Отанның» төрағасы болып қала береді.

2016 жылғы парламенттік сайлау қорытындылары бойынша мандаттарды үш партия алды - 84 орындық көпшілік дауыспен «Нұр Отан», одан кейін әрқайсысы 7 орыннан «Ақ жол» демократиялық партиясы және Қазақстан коммунистік халық партиясы (ҚКХП) алды. Бірде-бір орынға ие болмаған тағы үш бәсекелес партия – «Бірлік» партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы және Жалпыұлттық социал-демократиялық партия

<sup>2</sup> [Қазақстан бойынша өткен ДИАҚБ есептерін](#) қараңыз..

<sup>3</sup> ДИАҚБ ШСБМ 10 қаңтарда өткен тек парламенттік сайлауды бақылады, дегенмен, ол облыстық және аудандық сайлауды парламенттік сайлаумен қатар өткізудің әсеріне баға берді.

(ЖСДП). 2020 жылғы қарашада «Бірлік» пен ҚКХП өз атауларын тиісінше «Адал» және Қазақстанның халық партиясына (ҚХП) ауыстырды.

2021 жылғы сайлау қарсаңындағы партиялық көрініс іс жүзінде өзгерген жоқ. Бұл сайлауға ресми тіркелген алты партияның бесеуі қатысты: «Нұр Отан», «Ақ Жол», ҚХП, «Ауыл» және «Адал».<sup>4</sup> «Нұр Отаннан» басқа, бәсекелес партиялар өздерін Үкіметке «конструктивті оппозиция» деп санайды және жалпы алғанда президенттің саясатын қолдайды.<sup>5</sup> 2016 жылғы сайлаудан бері кем дегенде тоғыз әрекетке қарамастан, жаңа саяси партиялар тіркелген жоқ.<sup>6</sup> Саяси плюрализмнің шектеулі деңгейі, атап айтқанда бәсекелес партиялар арасында шынайы саяси оппозицияның болмауы, 2021 жылғы сайлау әртүрлі саяси көзқарастарға ие нағыз бәсекелестік бола алмағанын білдіреді. Заңнамадағы және іс жүзіндегі негізгі бостандықтардың бірі болып табылатын қауымдастық еркіндігіне нұқсан келтіретін жүйелі шектеулер ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 3 және 7.6-тармақтарына қайшы келіп, елдегі саясаттың плюралистік сипатын шектейді.<sup>7</sup>

2019 жылғы маусымда сайланғаннан кейін президент бірқатар саяси және экономикалық реформаларды жариялады.<sup>8</sup> Бейбіт жиналыстар мен қауымдастықтар бостандығы туралы ережелерге кейбір техникалық өзгерістер 2020 жылы енгізілді (*Сайлау науқаны* бөлімін қараңыз). 2020 жылғы Парламенттік оппозиция туралы заң алғаш рет парламенттік оппозицияның рөлін рәсімдеді.

Осы ниеттерге қарамастан, билік әлі де реформаларға саяси ерік-жігердің жеткіліксіздігін көрсетті. Азаматтардың саяси өмірге қатысу қабілеті Конституциямен қорғалса да, шектеулі құқықтық базамен және билік тарапынан қойылаған кедергілермен шектеледі.<sup>9</sup> Интернетте саяси пікірталастар күшейе түсті. Алайда, саяси келіспеушілік, оның ішінде әлеуметтік желілерде, қудалауға, санкцияларға және қамауға әкелуі мүмкін, бұл бүкіл елдегі балама дауыстарды тежейді және азаматтардың мінез-құлқына әсер етеді.

*Заң мен мемлекеттік саясат азаматтарға азаматтық және саяси құқықтарын жазалаудан, қудалаудан немесе қорқытудан қорықпай жүзеге асыруға мүмкіндік беруі керек. Билік органдары құқықтар мен бостандықтарды шектеуге бағытталған шаралардан қалыс қалуға*

<sup>4</sup> ЖСДП бұл сайлауға бойкот жариялауға шешім қабылдады.

<sup>5</sup> 30 желтоқсан күні 2020 жылғы Мәжіліс жұмысын қорытындылай отырып, Мәжіліс төрағасы «Барлық депутаттардың жұмысы Қазақстанның Тұңғыш Президентінің стратегиялық тапсырмалары мен [...] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамалары мен нұсқауларын орындауға шоғырланды» деп [айтты](#).

<sup>6</sup> Ресми түрде танылған соңғы партия 2013 жылы «Бірлік» болды. Әділет министрлігі ДИАҚБ ШСБМ-на 2019-2020 жылдары тоғыз өтініш берілгенін растады, олардың алтауы қабылданбады, ал қалғандары қарастырылуда. Тіркеуге өтініш білдірген бес саяси қозғалыстың басшылығы ДИАҚБ ШСБМ-на қамауға алу, қылмыстық және әкімшілік жазалау, сондай-ақ көшбасшылар мен бастамаларды қолдаушылар мен олардың отбасыларына төнетін жеке бас және экономикалық қауіп-қатерлер туралы хабардар етті.

<sup>7</sup> 1990 жылғы [ЕҚЫҰ-ның Копенгаген құжатының](#) 3-тармағында ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер «саяси ұйымдарға қатысты плюрализмнің маңыздылығын» мойындады. 7.6-тармақта «жеке адамдар мен топтардың толық еркін түрде өздерінің жеке саяси партияларын немесе басқа да саяси ұйымдарын құру құқығы» туралы айтылады. 2002 жылғы [Демократиялық сайлаудың, сайлау құқықтары мен бостандықтарының стандарттары туралы ТМД Конвенциясының](#) (2002 жылғы ТМД Конвенциясы) 9.2-бабында «шынайы сайлауда саяси партиялардың жұмыс істеуі арқылы жүзеге асырылатын нақты саяси плюрализм, идеологиялық әртүрлілік және көппартиялылық бар» делінген.

<sup>8</sup> [2019](#) және [2020](#) жылдардағы Президенттің халыққа жолдауларын қараңыз. Сондай-ақ, Президенттің [14 желтоқсандағы](#) Тәуелсіздік күніне орай айтылған және [2021 жылдың 15 қаңтарында](#) саяси реформалардың екінші пакетін жариялаған сөздерін қараңыз.

<sup>9</sup> Қазақстанның екінші кезеңдік шолуы бойынша [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің \(АКК\) 2016 жылғы қорытынды ескертпелерін](#) қараңыз.



*және кез келген теріс пайдаланушылықты жедел әрі бейтарап түрде тергеуді қамтамасыз етуге тиіс.*

Әйелдер саяси өмірде жеткілікті орынға ие емес. Осы сайлау кезінде әйелдер 17 әкімдік лауазымның тек біріне және 22 министрліктің екісіне ғана ие болды. Өткен мәжіліс құрамында әйел депутаттардың саны 29 болғанымен, гендерлік квота енгізілгеннен кейін (*Үміткерлерді тіркеу бөлімін қараңыз*) әйелдер жаңадан сайланған Мәжілісте тек 28 орынға ие болды.

#### IV. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Парламенті екі палаталы болып, Төменгі палатаның (Мәжіліс) 107 мүшесінен және тікелей емес сайлау арқылы сайланатын жоғарғы палатаның (Сенат) 47 мүшесінен тұрады.<sup>10</sup> Мәжілістің тоқсан сегіз мүшесі (депутаттар) жалпыұлттық сайлау округі бойынша жабық бара-бар жүйе негізінде сайланады, ал қалған тоғызын ҚХА сайлайды.<sup>11</sup> ДИАҚБ-ның алдыңғы ұсыныстарына қарамастан, аталмыш ереже күшінде сақталып келеді, бұл ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 7.2-тармағына қайшы келеді, онда ұлттық заң шығарушы органның кем дегенде бір палатасындағы барлық орындары тікелей сайлануы тиіс делінген.<sup>12</sup>

Конституция аманаттық мандатты белгілейді; партиядан шыққан немесе шығарылған немесе партиясы өз қызметін тоқтатқан адамдар мандатын жоғалтады. Бұл ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 7.9-тармағына қайшы келеді, ол еркін мандатты білдіреді.<sup>13</sup> Әр партия мандаттарды өз кандидаттарына тағайындайды, ал партиялар өз тізімдеріндегі кандидаттардың тәртібіне сақтауға міндетті емес.

*Парламенттің кем дегенде бір палатасындағы барлық орындардың жалпыхалықтық дауыс беру кезінде еркін бәсекелестігін қамтамасыз ету үшін заңнама қайта қаралуы тиіс. Депутаттық мандаттың жеке сипатын ескере отырып, депутаттарға, егер олар қаласа, партияларды ауыстыруға немесе тәуелсіз болуға рұқсат етілуі тиіс.*

Берілген барлық дауыстың кемінде жеті пайызын алған партияларға Мәжілістен орын бөлінеді.<sup>14</sup> Егер шектен тек бір партия өтсе, онда екінші орындағы дауыс санын алған партия кемінде екі орын алады.

<sup>10</sup> Әрбір 14 облыстың, сондай-ақ Алматы, Нұрсұлтан және Шымкент қалаларының өкілді органдары Сенаттың екі мүшесін сайлайды. Сонымен қатар, президент 15 сенаторды тағайындайды.

<sup>11</sup> ҚХА-бұл Қазақстанның көптеген этностық топтарының сан алуандығын көрінісі мақсатында құрылған, Президент тағайындайтын консультативтік орган.

<sup>12</sup> Қосымша 2002 жылғы ТМД Конвенциясының 4.2-бабын қараңыз, онда "ұлттық заң шығарушы палаталардың біріндегі барлық мандаттар кандидаттардың және (немесе) кандидаттар тізімдерінің жалпыхалықтық сайлау барысында еркін бәсекелестік объектісі болып табылады" делінген.

<sup>13</sup> ЕҚЫҰ-на қатысушы мемлекеттер 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.9-тармағында «заңда талап етілетін қажетті дауыс санын алған кандидаттардың өз лауазымдарына тиісті түрде тағайындалуын және өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өз лауазымдарында қалуға құқығы болуын немесе демократиялық парламенттік және конституциялық рәсімдерге сәйкес заңмен реттелетін тәртіппен өзгеше түрде аяқталуын қамтамасыз етуге» міндеттенді. Сондай-ақ, Құқық арқылы демократия үшін Еуропа Кеңесі комиссиясының (Венеция комиссиясы) [Аманаттық мандат және ұқсас практика туралы есебін](#) қараңыз.

<sup>14</sup> Венеция комиссиясы бес пайыздан жоғары шектер проблемалы екенін, соның ішінде жоғары шектер босқа кеткен дауыстардың көптігіне әкелетінін [атап өтті](#). ДИАҚБ-ның кейбір сұхбаттасушылары шекті төмендету Парламенттегі плюралистік өкілдікті қамтамасыз ету үшін жағымды оқиға болар еді деген пікір білдірді. Сайлаудан кейін президент шекті төмендетуді ұсынды. *Сайлаудан кейінгі оқиғаларды* қараңыз.

*Парламенттің плюрализмі мен өкілдігін арттыру үшін парламентке енуге үміткер партиялар үшін жеті пайыздық шекті төмендету мәселесін қарастыруға болады.*

## V. ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗ

Сайлау үдерісі негізінен 1995 жылғы Конституциямен және 1995 жылғы Сайлау туралы конституциялық заңмен (Сайлау туралы заң) реттеледі. Өзге де қатысты заңдарға Саяси партиялар туралы заң, Бейбіт жиналыстар туралы заң, БАҚ туралы заң, Ақпараттандыру туралы заң, Байланыс туралы заң, сондай-ақ қылмыстық кодекс пен әкімшілік құқық бұзушылық кодексі жатады. ОСК заңды толықтыратын қаулылар шығарады. Қазақстан демократиялық сайлауға қатысты бірқатар негізгі халықаралық конвенцияларға мүшелік етеді.<sup>15</sup>

Қауымдастықтың, бейбіт жиындар мен пікір білдірудің негізгі бостандықтарының, сондай-ақ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 4-тармағын бұза отырып, сайлау құқықтарының бірқатар негізсіз шектеулеріне байланысты Қазақстанның құқықтық базасы демократиялық сайлауды өткізуге қатысты халықаралық міндеттемелерге сәйкес келмейді.<sup>16</sup> Халықаралық ұйымдар Конституцияда және Қазақстан қол қойған және ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген, оның ішінде мемлекеттік істерді жүргізуге қатысу құқығымен байланысты азаматтық және саяси құқықтар заңдармен шектелгенін бірнеше рет мәлімдеген.<sup>17</sup>

Сайлауды реттейтін заңдар соңғы парламенттік сайлаудан бері көптеген өзгерістерге ұшырады. 2017 жылғы конституциялық реформадан бастап, негізінен саяси өкілеттіктерді қайта бөлумен байланысты, Сайлау туралы заңға жыл сайын түзетулер енгізілді. Бұл түзетулер, басқалармен қатар, төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларының құрылымын өзгертті, кандидаттар тізіміндегі әйелдер және (немесе) жастар өкілдігіне кемінде 30 пайыз мөлшеріндегі бірлескен квота енгізді және мүмкіндігі шектеулі сайлаушыларды сайлауға қатысуды кеңейтуге бағытталған. Сайлауды реттейтін басқа заңдар 2016 жылдан кейін өзгертілді немесе қайта енгізілді, атап айтқанда саяси партияларды тіркеуге және көпшілік жиналыстарды өткізуге қатысты болды. Алайда, бұл реформалар ДИАҚБ-ның сайлау жөніндегі ұсынымдарының көпшілігін, соның ішінде бейбіт жиналыстар, сөз және пікір бостандығы, қауымдастықтар бостандығы сияқты негізгі бостандықтарына, сайлау әкімшілігінің тәуелсіздігіне, кандидаттарға қойылатын талаптарға, сайлаушыларды тіркеуге,

---

<sup>15</sup> Олардың ішінде 1966 [Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі пакт](#) (ХАСҚП), 1965 жылғы [Халықаралық нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою жөніндегі конвенция](#), 1979 жылғы [Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою жөніндегі конвенция](#) (ӘҚКЖК), 2002 жылғы Тәуелсіз мемлекеттер достастығының мүше елдеріндегі демократиялық сайлау стандарттары, бостандықтары мен құқықтары жөніндегі конвенция, 2003 жылғы [БҰҰ жемқорлыққа қарсы конвенциясы](#) және 2006 жылғы [Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары жөніндегі конвенция](#). Қазақстан Еуропа Кеңесінің заң арқылы демократияландыру комиссиясының (Венеция комиссиясы) мүшесі, ал 2020 бастап Жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының мүшесі.

<sup>16</sup> ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 4-тармағында «өздерінің заңдары, ережелері, практикасы мен саясаты олардың халықаралық құқық жөніндегі міндеттемелеріне сәйкес келуін қамтамасыз етуге» міндеттенді.

<sup>17</sup> Мысалы, Қазақстанның екінші мерзімдік баяндамасы бойынша 2016 жылғы АСКК-ның қорытынды ескертулерінің 51-54-тармақтарын және [Терроризмге қарсы күрес жағдайларында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын көтермелеу және қорғау туралы мәселе бойынша БҰҰ Арнайы баяндамашысының \(БҰҰ Арнайы баяндамашысы\) 2020 жылғы баяндамасын](#) қараңыз. ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 5.3-тармағы «Үкімет пен мемлекеттік органдарды Конституцияны сақтауға және заңға сәйкес әрекет етуге» міндеттейді.

бұқаралық ақпарат құралдарына және сайлау нәтижелерін жариялауға қатысты ұсыныстарды толық ескерген жоқ. ДИАҚБ-ның бірнеше сұхбаттасушылары түзетулер енгізу алдындағы мазмұнды консультациялардың жоқтығына алаңдаушылық білдірді.

Сайлау туралы заң сайлау өткізуге жеткілікті техникалық негізді қамтиды. Алайда, ол партиялар мен кандидаттарды тіркеу және тіркеуден шығару кезінде кең еркіндікке жол беретін ережелер, бірнеше рет дауыс беруге және дауыстарды санау мен кестелеу кезінде бұзушылықтарға қарсы тиімді кепілдіктердің болмауы, сайлау науқанын қаржыландыруды қадағалаудың айқын емес ережелері және төменгі деңгейдегі комиссияларда шағымдарды қарау кезінде тиісті құқықтық рәсімнің жеткіліксіз кепілдіктері сияқты бірқатар кемшіліктерге ие.

*ЕҚБҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық міндеттемелерге сәйкес, сондай-ақ ДИАҚБ-ның басқа да бұрынғы ұсынымдарын ескере отырып, бейбіт жиналыстардың, сөз бен пікір еркіндігі және қауымдастықтардың негізгі бостандықтарына шектеулерді алып тастау мақсатында құқықтық база жан-жақты қайта қаралуға тиіс. Реформа келесі сайлауға дейін барлық тиісті мүдделі тараптармен ашық және мазмұнды консультациялар негізінде жүргізілуі керек.*

## VI. САЙЛАУ ӘКІМШІЛІГІ

Сайлау әкімшілігі тұрақты және үш деңгейлі болып табылады, оның құрамына ОСК, 232 территориялық сайлау комиссиясы (ТСК) және 10 060 учаскелік сайлау комиссиясы (УСК) кіреді. Шетелде дауыс беру 54 елдің елшіліктері мен хатшылықтарында құрылған 66 сайлау учаскесінде өтті.<sup>18</sup>

Барлық деңгейдегі комиссия мүшелері бес жылдық мерзімге тағайындалады және УСК-нан басқа барлық комиссиялар жеті мүшеден тұрады.<sup>19</sup> ОСК төрағасын және ОСК-ның басқа екі мүшесін Президент тағайындайды.<sup>20</sup> Мәжіліс пен Сенат ОСК-ның басқа екі мүшесін тағайындайды. Осы институттарда билеуші партияның басым болуын және Мәжілісте өкілдік ететін партиялар арасында нақты саяси дифференциацияның болмауын ескере отырып, ОСК құрамы саяси әр түрлі болып табылмайды, бұл оның тәуелсіздігіне күмән тудырады.<sup>21</sup> ОСК-ның қазіргі жеті мүшесінің екеуі және төменгі деңгейдегі комиссия мүшелерінің 67,7 пайызы – әйел адамдар.

Мәслихаттар төменгі деңгейлі комиссияларды 2019 жылдың қаңтар айында тіркелген саяси партиялардың ұсыныстары негізінде сайлады. Ұсыныстар саны жеткіліксіз болған жағдайда, мәслихаттар қоғамдық бірлестіктер мен жоғары тұрған сайлау комиссияларының

<sup>18</sup> СІМ ДИАҚБ-ға COVID-19 пандемиясына байланысты шетелде тіркелген сайлаушылар саны алдыңғы сайлаулардағыдан едәуір төмен екендігі туралы хабарлады.

<sup>19</sup> Заң бойынша УСК мүшелер саны тақ болып, 2000 сайлаушыға дейін – 5 немесе 7 мүшеден, 3000 сайлаушыға дейін – 7 немесе 11 мүшеден тұрады.

<sup>20</sup> Қазіргі ОСК-ның төраға орынбасары мен хатшысы да президентпен тағайындалды.

<sup>21</sup> 1996 жылғы БҰҰ АҚК [АСҚК № 25 Жалпы ескертулерінің](#) 20-тармағы (БҰҰ АСҚК № 25 Жалпы ескертуі) «сайлау үдерісін қадағалау және оның әділ, бейтарап және пактімен үйлесімді белгіленген заңдарға сәйкес жүргізілуін қамтамасыз ету үшін тәуелсіз сайлау органының құрылуын» талап етеді. 2002 жылғы [ТМД Конвенциясына](#) қатысушы мемлекеттер «демократиялық, еркін және әділ, шынайы және мерзімді сайлау өткізуді ұйымдастыру үшін тәуелсіз, бейтарап сайлау органдарын құруды қамтамасыз етуге» міндеттенді.

ұсыныстарын қарастыра алады.<sup>22</sup> Ұсынылған мүшелер ұсынып отырған ұйымның мүшесі болуға тиісті емес және оның шешімдерімен байланысты емес. Мәслихаттар ұсыныстарды орындауға мәжбүр емес және жеке ұсыныстарды дауыс беру арқылы қабылдау немесе қабылдамауы мүмкін. Сайлау туралы заң әр сайлау комиссиясына әрбір саяси партиядан тек бір ұсынысқа ғана рұқсат бергенімен, ДИАҚБ ШСБМ кездескен кейбір ТСК мен УСК іс жүзінде «Нұр Отан» партиясына қатысы бар бірнеше мүшелерден тұрды.<sup>23</sup>

Сайлауға техникалық дайындық тиімді және заңмен белгіленген мерзімде жүзеге асырылды. ОСК отырыстары ашық түрде өтіп, партия өкілдері мен байқаушылардың тұрақты түрде қатысуымен өтіп отырды. COVID-19 індетіне байланысты бұқаралық ақпарат құралдары ОСК отырыстарына тек отырыстарды тікелей эфирде көрсету үшін тиісті камераларымен қатыса алды, бірақ журналистерге ОСК-ның әр отырысынан бұрын немесе кейін Интернет-трансляция арқылы сұрақтар қоюға мүмкіндік берілді. ДИАҚБ ШСБМ байқаулары бойынша ОСК қарарлары бірауыздан қабылданды. Бұл шешімдердің көпшілігі ресми отырыстар кезінде қандай да бір мазмұнды талқылау болмағандықтан, отырыстар басталғанға дейін ОСК мүшелері арасында келісілген сияқты әсер туғызып, ОСК қызметінің жария сипатына нұқсанын келтіріп, шешімдер қабылдаудың ашықтығын төмендетті. Қарарлардың ОСК сайтында уақтылы жарияланғаны, ал ОСК мүшелері отырыстардан кейін баспасөз брифингтерге үнемі қатысып отырғаны оң болды.

Сонымен бірге, ОСК қоғамдық қызығушылық тудыратын және ашықтыққа ықпал ететін маңызды сайлау мәліметтерін, мысалы, ТСК және УСК-дағы саяси партиялардың өкілдігі туралы мәліметтер, сайлаушылардың соңғы тізімдері туралы мәліметтер, соның ішінде сайлау күні сайлаушылар тізіміне енгізілген аймақ, сайлау учаскелері, жасы мен жынысы бойынша бөліп көрсетілген сайлаушылар саны, сондай-ақ ТСК және УСК егжей-тегжейлі дауыс беру нәтижелері, жарияламады. ОСК мұндай жарияланымдардың жоқтығын бұл туралы заңды міндеттемелердің жоқтығымен түсіндіргенімен, сайлауды тәуелсіз бақылауға мүмкіндік беретін әртүрлі сайлау ақпаратын жариялау жақсы тәжірибе үлгісі болып табылады.<sup>24</sup>

*Ашықтық пен есеп берушілікті арттыру үшін Орталық сайлау комиссиясы өзінің барлық шешімдерін, кандидаттар туралы егжей-тегжейлі деректерді, дауыс берудің бөлшектелген нәтижелерін және сайлау туралы басқа да негізгі деректерді қоса алғанда, оңай және жедел қол жеткізуді қамтамасыз ететін нысанда жариялауы тиіс. Бұл деректерді әртүрлі мүгедектік топтарындағы адамдар үшін қол жетімді форматта қол жетімді ету туралы мәселені қарастырған жөн.*

ТСК, атап айтқанда, өз аумағындағы сайлауды ұйымдастыруға, өткізуге және қадағалауға, партиялық сенім білдірілген адамдарды тіркеуге, қарасты УСК-на қарсы шағымдарды қарауға және дауыстарды кестелеуге жауап береді. УСК міндеттеріне сайлаушыларды дауыс беру орындары туралы хабардар ету, сайлаушылар тізімдерін тексеру, дауыс беруді және дауыстарды санауды ұйымдастыру, сондай-ақ сайлау күні шағымдарды қарау кіреді.

<sup>22</sup> ОСК мәліметінше, комиссиялар мүшелерінің 66,2%-н саяси партиялар, 30,5%-н қоғамдық бірлестіктер және 3,3%-н жоғары тұрған сайлау комиссиялары ұсынған. ОСК сондай-ақ, барлық партиялар өздерінің квоталарын толтырмағанын айтты.

<sup>23</sup> Атап айтқанда, Алматы және Маңғыстау облыстарында осылай болды.

<sup>24</sup> [БҰҰ Бас Ассамблеясының 2011 жылғы 66/163 қарары](#) «ашықтық еркін және әділ сайлау үшін негіз болып табылады, бұл үкіметтердің өз азаматтары алдында есеп беруіне ықпал етеді, бұл өз кезегінде демократиялық қоғамдардың негізі болып табылады» деп ерекше атап өтті. Бұдан басқа, БҰҰ ЖҚК-ның 13.1(b) - бабына сәйкес қатысушы мемлекеттер «жұртшылықтың ақпаратқа тиімді қол жеткізуін» қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, БҰҰ ЖҚК-ның 10-бабын қараңыз.

Төменгі деңгейдегі сайлау комиссиялары мемлекеттік және жергілікті мекемелерден материалдық-техникалық қолдау алды. ДИАҚБ ШСБМ барған төменгі деңгейдегі барлық комиссиялар тиісті түрде ресурстармен қамтамасыз етілді, сайлау күнтізбесіне сәйкес жұмыс істеді және өз қызметін тиімді жүзеге асырды. Отырыстар әдетте жүйесіз негізде өткізілді.

Денсаулық сақтау министрлігі ОСК-мен бірге COVID-19 таралуына жол бермеу мақсатында үміткерлерді тіркеу үдерісі, сайлау науқаны және сайлау күнгі тәртіптерге қатысты шараларды қабылдады. Кейбір азаматтық қоғам өкілдері ДИАҚБ ШСБМ-на сайлау күнгі денсаулық сақтауға қатысты аталмыш шаралардың кеш жариялануы және бұл тестерді тапсыруға қатысты шығындар өздерінің байқаушыларын жіберуге кедергісін салғанын хабарлады (*Сайлауды байқау бөлімін қараңыз*).

ОСК басқа мекемелермен бірлесіп, онлайн және жеке түрде төменгі деңгейдегі уәкілдердің жалпыұлттық каскадты дайындығын ұйымдастырды.<sup>25</sup> ДИАҚБ ШСБМ қатысқан оқу сессияларының сапасын оң бағалады, дегенмен кейде сессияларды қатысушылардың белсенді өзара әрекеттесуінің арқасында жетілдіруге болар еді. ОСК сондай-ақ сайлаушыларға қазақ және орыс тілдерінде теледидар (ТВ) және радиохабарлар, сондай-ақ онлайн арқылы ауқымды ақпараттық науқанын жүргізді. Бұл сайлаушыларға бағытталған ақпарат көбінесе сайлаушылар тізімін және сайлау күнін тексерумен шектелді, ал COVID-19-ға қатысты шаралар туралы нақты ақпарат сайлау күніне жақын уақытта ғана берілді.<sup>26</sup> ОСК өз сайтында сайлау туралы, соның ішінде әртүрлі форматтағы қосымша ақпаратты орналастырды.

ОСК сайты сондай-ақ көру және есту қабілеті бұзылған сайлаушыларға арналған нұсқаларда да қолжетімді, және де ОСК өзінің барлық отырыстарын ишарат тіліне ілеспе аудармамен қамтамасыз етті. Өзгертілген Сайлау туралы заң мүгедектігі бар адамдардың сайлауға қатысуын кеңейтуге бағытталып, басқа да нәрселермен қатар, барлық сайлау учаскелеріне кедергісіз кіріп дауыс беруді, сондай-ақ өз таңдауымен екінші адамның көмегімен дауыс беру мүмкіндігін көздейді. Оң жағынан, сайлау күні ДИАҚБ ШСБМ қатысқан сайлау учаскелерінің көпшілігі мүмкіндігі шектеулі сайлаушыларға кедергісіз қол жетімділікті қамтамасыз етті.<sup>27</sup>

*Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырып жатқан мүгедектігі бар адамдардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі маңызды шаралар жалғасын табуы қажет. Сайлау учаскелері қызметкерлерінің хабардарлығын арттыру, сондай-ақ сайлаушыларды мақсатты түрде оқыту мүгедектігі бар адамдардың сайлау процесіне қатысуын кеңейте алар еді.*

## **VII. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ**

Сайлау күні кем дегенде 18 жасқа толған азаматтар дауыс беруге құқылы. Сайлау туралы заң әлі де жасалған қылмысының ауырлығына қарамастан сотпен бас бостандығынан айырылған

<sup>25</sup> ОСК мәліметтері бойынша, шамамен 151 000 сайлау комиссиялары мүшелеріне 5000-нан астам оқу сабақтары ұйымдастырылды.

<sup>26</sup> АСКҚ № 25 Жалпы ескертуінің 11-тармағында «сайлаушыларды оқыту және тіркеу науқандары жұртшылық толық хабарландырылған, 25-бапта көзделген құқықтардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін қажет» делінген.

<sup>27</sup> Қол жетімділікті жеңілдету үшін Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі мүмкіндігі шектеулі сайлаушылар үшін қол жетімді сайлау учаскелерін көрсететін сандық "интерактивті қол жетімділік картасын" жасады; дегенмен, ДИАҚБ ШСБМ тиісті ақпарат әрдайым дәл бола бермейтінін атап өтті.



азаматтарды дауыс беру құқығынан айырып келеді.<sup>28</sup> Сот шешімімен зияткерлік және психоәлеуметтік мүгедектігінің негізінде іс-әрекетке жарамсыз деп танылған азаматтар да, халықаралық стандарттарға қайшы, сайлауда дауыс беріп, сайлауға қатысу құқығынан айырылған.<sup>29</sup>

*Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан азаматтардың сайлау құқығынан толық айыру және сайлауда дауыс беру және сайлауға түсу құқықтарына қабілеттілігі негізінде қойылған шектеулер халықаралық стандарттар мен міндеттемелерге сәйкес қайта қарастырылуы тиіс.*

Сайлаушыларды тіркеу пассивті болып табылады және халықтың мемлекеттік тіркеліміне негізделген. Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша деректерді жинайды және оларды жылына екі рет тиісті ТСК-на ұсынады. Сайлау туралы заң ТСК-н ОСК-ға жазбаларды тексеруге және жіберуге міндеттейді. Кез келген сәйкессіздіктер немесе телнұсқалар оларды қайта қарау үшін әкімдіктерге жіберіледі. Алдыңғы ДИАҚБ ұсынымына сәйкес ОСК сайлаушылардың жалпыұлттық электрондық тізімін жүргізеді. 10 қаңтардағы жағдай бойынша ОСК 11 915 903 сайлаушы, оның ішінде шетелде тіркелген 11 171 сайлаушы тіркелгенін хабарлады.

Заң бойынша әкімдіктер сайлаушылар тізімін қалыптастыруға және оның дұрыстығына жауап береді. Осы сайлау үшін сайлаушылар тізімдерін әкімдіктер тиісті УСК-на 20 желтоқсанға дейін жіберді және 26 желтоқсанның бастап сайлау учаскелерінде сұрау бойынша қоғамдық бақылау үшін қолжетімді болды. Сайлаушылар өздерінің жазбаларын тексеріп, түзетулерге сайлау учаскелерінде немесе әкімдіктер жанынан құрылған байланыс орталықтары арқылы тапсырыс бере алды.

Тұрақты тұратын жерінен тыс жерде дауыс беруге ниет білдірген сайлаушылар 10 желтоқсанға дейін тіркеуді уақытша өзгерту туралы өтініш бере алды. Сонымен қатар, сайлау күніне дейін 16 күн ішінде сайлаушылар сайлау күні бүкіл елдегі кез-келген сайлау учаскесінде дауыс беруге мүмкіндік беретін есептен шығару куәлігін (ЕШК) алуға өтініш бере алды.<sup>30</sup> 5-9 қаңтар аралығында сайлаушылардың жекелеген санаттары әскери бөлімдердегі, демалыс үйлеріндегі, шипажайлардағы және қатынауы қиын аудандардағы «арнайы» сайлау учаскелерінде дауыс беру үшін тіркелуі мүмкін болды. ОСК ДИАҚБ ШСБМ-на сайлаушылар «арнайы» сайлаушылар тізіміне енгізілгеннен кейін, мұндай өзгерістерді өңдеуге уақыттың болмауына байланысты тұрақты тұратын жеріндегі сайлаушылар тізімінде қалғаны туралы хабарлады.

<sup>28</sup> ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 24-тармағында құқықтар мен бостандықтарды шектеу «Заңның мақсатына қатаң сәйкес келуі керек» делінген. АСҚК № 25 жалпы ескертулерінің 14-тармағында дауыс беру құқығынан айыру негіздері «объективті және ақылға қонымды» болуы тиіс деп айтылған. [Херст Біріккен Корольдікке қарсы \(№2\) \(2005\)](#) ісінде, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот, барлық сотталған тұтқындарға дауыс беру құқығын жалпы шектеуді енгізу мүмкіндігін бағалай отырып, «өмірлік маңызды конвенциялық құқықты мұндай жалпы, автоматты түрде және таңдамай шектеу қандай-да әрекеттер еркіндігінің шегінен шығатын шектеу ретінде, бұл еркіндік қаншалықты кең болса да, танылуы қажет» деген қорытындыға келді.

<sup>29</sup> МБАҚК 29-бабына сәйкес, «қатысушы мемлекеттер [...] мүгедектігі бар адамдардың басқалармен тең дәрежеде, тікелей немесе еркін сайланған өкілдер арқылы, соның ішінде мүгедектігі бар адамдардың дауыс беру және сайлану құқығы мен мүмкіндігін қоса алғанда, саяси және қоғамдық өмірге тиімді және толық көлемде қатыса алуын қамтамасыз етулері қажет». МБАҚК комитетінің [2014 жылғы МБАҚК-нің 12-бабына №1 жалпы ескертулерінің 48-тармағында](#) «Адамның шешім қабылдау қабілеті мүгедектігі бар адамдарды олардың саяси құқықтарын жүзеге асырудан, соның ішінде дауыс беру құқығынан [және] сайлауда өз кандидатурасын ұсыну құқығынан айыру үшін ақтауға қызмет ете алмайды» делінген.

<sup>30</sup> ОСК мәліметінше, 39 768 сайлаушы уақытша тіркеуге өтініш беріп, 10 599-ы ЕШК алды.

*Сайлаушылар тізімдерінің дәлдігін арттыру үшін күш салу керек. Сайлау комиссиялары мен әкімдіктер арасында тиімді деректер алмасу берілген сайлау кезеңі ішінде сайлаушылар тізіміндегі жазбаларды уақтылы түзетуге мүмкіндік беруі тиіс.*

Халықаралық озық тәжірибеге қайшы, сайлаушылар тізімінде болмаған, сайлауға құқылы сайлаушылар сайлау күні тиісті УСК-мен, осы учаскеде тұратынын дәлелдей алған жағдайда, ешбір әкімшілік немесе құқықтық қадағалаусыз тізімдерге енгізілді.<sup>31</sup> ДИАҚБ ШСБМ сұхбаттасушылары сайлаушылар тізімдерінің дәлдігіне қатысты үлкен алаңдаушылық білдірмегенімен, бірнеше рет дауыс беру мүмкіндігі сақталады.

*Сайлаушыларды тіркеудің тұтастығын нығайту үшін сайлаушыларды сайлау күні қосымша тіркеу тек нақты белгіленген құқықтық нормаларға сәйкес рұқсат етіліп, сот немесе әкімшілік бақылауға жатып, бірнеше рет тіркеуге қарсы тиімді кепілдіктерімен қамтамасыз етілуі керек.*

## **VIII. ҮМІТКЕРЛЕРДІ ТІРКЕУ**

Жиырма бес жасқа толған, елде сайлау күніне дейін кем дегенде он жыл бойы тұрған дауыс беруге құқылы азаматтар мен азаматшалар сайлауға түсе алады.<sup>32</sup> Сайлау туралы заң одан әрі сотталғандығы әлі өз күшін жоймаған және жемқорлыққа қатысты қылмыс үшін кінәлі болып танылған азаматтар мен азаматшаларды шеттейді. Тек тіркелген саяси партиялар ғана ұсынып отырған партияның мүшесі болып табылатын үміткерлерді ұсына алады.<sup>33</sup> Тәуелсіз үміткерлердің өзін-өзі ұсынуына және саяси партиялардың блок құруларына тиым салынған.<sup>34</sup> Жалпы сайлауға қатысу үшін үміткерлерді тіркеу тым қатаң талаптармен ерекшеленіп, халықаралық стандарттарға қайшы болып келеді.

*Тәуелсіз үміткерлер парламенттік сайлауға қатысуға жіберілуі тиіс. Тұрғылықты жері мен соттылығы бойынша үміткерлікке ұсынуға қойылатын шектеулер халықаралық стандарттар мен озық практикаға сәйкес қайта қаралуы тиіс.*

---

<sup>31</sup> [2002 жылғы Венеция комиссиясының Сайлау мәселелеріндегі тиісті тәжірибе кодексінің](#) (Тиісті тәжірибе кодексі) I.1.2.IV бөліміне сәйкес., «сайлау учаскелеріне сайлаушыларды тікелей сайлау күні тіркеуге рұқсат етілмеуі керек».

<sup>32</sup> АСҚК-ның № 25 жалпы ескертулерінің 15-тармағында «өзге жағдайда сайлауға қатысуға құқығы бар адамдар білімі, тұрғылықты жері немесе шығу тегі сияқты негізсіз немесе кемсітушілік талаптардан немесе саяси тиістілігіне байланысты алынып тасталмауы керек» делінген. Венеция комиссиясының тиісті тәжірибе Кодексінің I.1.1.c. III, бөліміне сәйкес «тұру ұзақтығы туралы талап азаматтарға тек жергілікті немесе аймақтық сайлау өткізу үшін қойылуы мүмкін».

<sup>33</sup> ОСК ДИАҚБ-ға өзін-өзі ұсынушылардан үш өтініш алғаны туралы хабарлады.

<sup>34</sup> ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 7.5-тармағында «азаматтардың жеке немесе саяси партиялардың немесе ұйымдардың өкілдері ретінде ешқандай кемсітусіз саяси немесе мемлекеттік лауазымдарға жету құқығы» қарастырылған. 2002 жылғы ТМД Конвенциясының 3.4-бабында «әрбір азаматтың сайлауға өз кандидатурасын ұсыну үшін тең құқықтық мүмкіндіктері болуы тиіс» делінген. Сондай-ақ, АСҚК № 25 Жалпы ескертулерінің 17-тармақты қараңыз, онда: «адамдардың сайлауға түсу құқығы кандидаттарға партия немесе нақты бір партия мүшелері болу талабымен негізсіз шектелмеуі тиіс» деп жазылған.

2020 жылғы Саяси партиялар туралы заңға өзгертулер партияны тіркеуге қажет мүшелердің кем дегендегі санын 40 000-нан 20 000-ға дейін екі есе азайтты.<sup>35</sup> Бұл қысқартуға қарамастан, соңғы парламенттік сайлаудан кейін кем дегенде тоғыз әрекеттің болғанына қарамастан, 2013 жылдан бастап бірде-бір жаңа партия тіркелген жоқ. 20 000 мүшені тіркеу – бұл партияны тіркеу барысының соңғы кезеңі. Тіркеуге ұмтылған бірде-бір саяси қозғалыс бұл кезеңге алдымен ұйымдастырушы комитет құру үшін 1000-нан кем емес партия жақтастарының қолын жинап, оны Әділет министрлігімен растап, сондай-ақ кемінде 1000 адамнан тұратын Құрылтай съезін өткізу қажеттілігі сияқты заңды және әкімшілік кедергілерге байланысты қол жеткізе алмады. Сондай-ақ, бастамашыл топтар ДИАҚБ ШСБМ-на өздерінің көшбасшылары мен жақтастарына қысым көрсету жағдайлары туралы хабарлады.<sup>36</sup> Бұл ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 7.6-тармағына және басқа да халықаралық стандарттарға қайшы келеді.<sup>37</sup>

*Заңнамалық талаптар және саяси партияларды тіркеу бойынша күрделі әкімшілік тәртіптер қауымдастықтардың плюрализмі мен еркіндігін құрметтеу және ілгерілету мақсатында жан-жақты қайта қарастырылуы тиіс. Саяси партияларды тіркеу объективті, ашық түрде жүзеге асырылып, тиімді сот бақылауына жатуға тиіс.*

Кандидаттарды жалпыұлттық партиялық тізімдер бойынша тіркелген саяси партиялар ұсынады. Заңмен белгіленген мерзімде – 30 қарашада – бес партия өз тізімдерін ұсынды. Кандидаттарды ұсыну үшін алғаш рет квота енгізілді, ол әр тізімде әйелдер мен (немесе) жастардың кем дегенде 30 пайызын талап етті.<sup>38</sup> 312 үміткердің 90-ы әйелдер болды (28,8 пайыз), бұл алдыңғы парламенттік сайлаудағы 20,1 пайызға қарағанда әйел кандидаттар санының өсуін көрсетті. Тек бір ғана «Ақ жол» партиясының кандидаттарының 30 пайыздан астамы әйел адамдар болды.<sup>39</sup> Квота партияларға жеңіп алған мандаттарды әйелдерге және (немесе) жастарға беруге міндет қоймайды және парламенттік үш партияның тек біреуі – «Нұр Отан» партиясы ғана – өз мандаттарының 30 пайыздан астамын әйелдерге бөлді.

*Әйелдердің саяси өмірге қатысуын кеңейту жөніндегі одан арғы шараларды қарастыру қажет. Парламент мүшелері арасында әйелдер санының тиімді ұлғаюын қамтамасыз ету үшін кандидаттар тізіміне де, мандаттарды бөлуге де гендерлік квоталардың тиімді жүйесін қолданған жөн.*

Партиялар қол жетімді орындар санынан 30 пайызға көп кандидаттар санын ұсына алады, бұл олардың тізіміне барлығы 127 үміткерді қосуға мүмкіндік береді. ОСК-мен тіркелу үшін

<sup>35</sup> Партияның 17 бөлімшесі болуы керек, әр аймаққа бір-бірден, олардың әрқайсысында кемінде 600 мүше болуы керек. 2020 жылғы [ДИАҚБ мен Венецияның Саяси партияларды реттеу жөніндегі комиссиясының нұсқаулықтарының](#) 102-тармағында «Тек шектеулі географиялық аймаққа өкілеттік етеді деген негіздегі ғана саяси партиялардың қызметін шектеуге қатысты ережелер тиісті заңдардан алынып тасталуы керек» делінген.

<sup>36</sup> Тіркелмеген оппозициялық «Біздің құқық» қозғалысы ДИАҚБ ШСБМ-на 2019 жылдың наурызында Құрылтай съезін ішінара үш қозғалыс жетекшісінің ұсталуына байланысты өткізе алмағаны туралы хабарлады. Тіркелмеген Қазақстанның демократиялық партиясы (ҚДП) ДИАҚБ ШСБМ-на 2020 жылғы ақпанда съез өткізілгенге дейін оның жүздеген жақтаушылары ұсталғаны туралы хабарлады. El Tіregі саяси қозғалысы ДИАҚБ ШСБМ-на Әділет министрлігі олардың 1000 қолын екі рет қабылдамағаны туралы хабарлады: 2020 жылдың қараша айында және 2021 жылдың қаңтарында, тізімде қайтыс болған адамдар бар деген негізбен, бірақ дәлел келтірмеді.

<sup>37</sup> Сондай-ақ, 2002 жылғы ТМД Конвенциясының 9.6-бабын қараңыз, онда «саяси партияларды тіркеу нормаларын қандай да бір кездей-соқ немесе кемсітушілік нысанда қолдануға...» тиым салынған.

<sup>38</sup> Жастарға ең төменгі үміткерлікке тіркелу жасы – 25 жас пен 29 жас аралығындағы адамдар жатады.

<sup>39</sup> ОСК үміткерлердің жасын жарияламады, азаматтар да, бақылаушылар да жастар квотасының сақталуын өз бетінше тексере алмады.



алдыңғы Парламенттік сайлауда жеті пайыздан аз дауыс алған партиялар өз тізіміндегі әр кандидат үшін 637 500 теңге (шамамен 1 250 еуро) ақшалай кепіл енгізуге тиіс болды.<sup>40</sup> Әр кандидатты ұсыну құны көп кандидаттар санын ұсыну үшін ықтимал тосқауыл бола алады.

Көпшілік орындар үшін тек екі партия ғана күресті – «Нұр Отан» 126 үміткерді ұсынды (оның ішінде 37 әйел үміткер), ҚХП – 113 (33 әйел үміткер). «Ақ жол» 38 үміткермен (12 әйел үміткер), «Ауыл» - 19 (4 әйел үміткер), «Адал» - 16 (4 әйел) бәсекелестікке түсті, бұл олардың ешқайсысына парламенттегі көпшілікке қол жеткізуге мүмкіндік бермеді. Партиялық тізімдерге кетіп өткен Мәжіліс құрымынан барлығы 34 үміткер кірді. «Нұр Отан» өзінің алғашқы праймериз сайлауын өткізіп, 77 кандидатты тандап алды. Басқа партиялар өздерінің кандидаттар тізіміне филиалдар ұсыныстары мен орталық квоталар негізінде үміткерлерді енгізді.

Партиялар сайлауға дейін өз тізіміндегі кандидаттарды ранжирлеу құқығына ие болғанымен, жеке мандаттарды бөлу сайлаудан кейін ғана шешілді. ОСК партиялық тізімдерді тіркеу туралы шешімдерде көрсетіп, бұл ақпаратты өз сайтында орналастырғанымен, кандидаттардың тізімдері оңайшылықпен ашық қолжетімді болмай, сайлау учаскелерінде де табылмады. ХСБМ сонымен қатар іс жүзінде сайлаушылар кандидаттар туралы ақпаратқа ие болмағанын немесе олар жайлы аз білгенін атап өтті. Қоса алғанда, бұл тәжірибелер сайлаушылардың саналы тандау құқығын шектеді, бұл озық тәжірибеге қайшы келді.<sup>41</sup>

27 қарашада «Қазақстанның демократиялық таңдауы» (ҚДТ) азаматтарға ЖСДП-на дауыс беруге шақырғаннан кейін, ЖСДП сайлауға бойкот жариялауға шешім қабылдады.<sup>42</sup> Мәлімделген себептердің арасында тең емес сайлау ортасы мен алдыңғы тәжірибеге негізделген сайлауды бұрмалау ықтималдығы, сондай-ақ ЖСДП-на төнген ҚДТ-мен байланыстыру қаупі болды.<sup>43</sup>

Сайлау туралы заңда көзделген сайлау науқанын өткізу және қаржыландыру ережелерін бұзу кандидатты немесе партияны тіркеуден шығаруға, ал бұл бұзушылықтар сайлау күнінен кейін анықталған жағдайда сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тануға әкеп соғуы мүмкін. Заң тіркеуден шығару тек елеулі бұзушылықтарға ғана қолданылатынын және тараптардың дәлсіздіктерді түзетуге мүмкіндіктері бар-жоғын нақтыламайды, осылайша шамадан тыс санкциялардың қолданылуын алдын алу бойынша ешқандай да заңдық кепілдіктермен қамтамасыз етпейді, және 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.7-тармағына нұқсан келтіреді.<sup>44</sup>

<sup>40</sup> Сайлауды байқау кезінде 1 еуро шамамен 510 қазақстандық теңгеге тең болды.

<sup>41</sup> Венеция комиссиясының тиісті тәжірибе кодексінің I.3.3.1.b.ii бөлімінде «мемлекеттік органдар бірқатар оң міндеттемелерге ие; атап айтқанда, олар сайлаушыларға сайлауға қатысатын үміткерлер тізімдерімен және үміткерлермен, мысалы, тиісті хабарландыру орналастыру арқылы танысуға мүмкіндік беруі керек» делінген. 2002 жылғы ТМД Конвенциясының 9.3-бабында «шынайы сайлау кезінде сайлаушыларға кандидаттар, кандидаттар тізімі, саяси партиялар (коалициялар) және сайлау барысы туралы ақпаратқа еркін қолжетімділік беріледі» делінген.

<sup>42</sup> ҚДТ саяси қозғалысы 2018 жылдың наурыз айында «экстремистік» деп танылып, әрекет етуіне тыйым салынды. Сот атын өзгерткен ҚДТ қозғалысының ұйымы деп таныған «Көше партиясына» 2020 жылдың мамыр айында тыйым салынды. Айыпталушы ұйымдар тыңдаулар туралы мәлімет алмағандарын, сондықтан заңи өкілдікке ие болмады деп мәлімдеді.

<sup>43</sup> ЖСДП [пресс-релизін](#) қараңыз (орыс тілінде).

<sup>44</sup> 1990 жылғы ЕҚЫҰ-ның Копенгаген құжатының 7.7-тармағы қатысушы мемлекеттерге «заңнама мен мемлекеттік саясаттың саяси науқандарды әділ және әкімшілік әрекеттер де, зорлық-зомбылық та, қорқыту да партиялар мен кандидаттарға өз көзқарастары мен біліктіліктерін еркін білдіруге кедергі келтірмейтін еркін ортада өткізуге мүмкіндік беру үшін жұмыс істеуін қамтамасыз етуге» міндеттейді.

*Сайлау туралы заң кандидатты тіркеуден шығару және сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тану сот шешімі бойынша заңнаманы өрескел бұзған жағдайда ғана қолданылатын ерекше шаралар болып табылатындығына кепілдік беретіндей етіп қайта қаралуы тиіс. Мұндай шараларды қолдану әрқашан үйлесімділік қағидатын сақтай отырып жүзеге асырылуға және нақты құқықтық негіздерге негізделуі тиіс.*

## IX. САЙЛАУ НАУҚАНЫ

Сайлау туралы заңда саяси партиялардың сайлауға қатысуға тең құқықтары мен шарттары бар екендігі қарастырылған. Мемлекеттік ресурстарды мақсатсыз пайдалануға, қайырымдылық акцияларын өткізуге, сайлаушыларға тауарлар, қызметтер, ақша немесе экономикалық пайда туралы уәде беруге тыйым салынады. Мемлекеттік лауазымдардағы кандидаттарға өзінің қызметтік жағдайын сайлау науқаны барысында өз мүдделеріне пайдалануға тыйым салынады. Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың өкілдерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде үгіттеуге қатысуы заңсыз болып табылады. ДИАҚБ ШСБМ осы мәселелер бойынша қандай да бір ресми шағымдар немесе тергеулер туралы хабар алған жоқ.

Науқан 10 желтоқсаннан 8 қаңтарға дейін өтті.<sup>45</sup> Жалпы алғанда, науқан аса көзге көрінген жоқ, ал қысқы ауа-райына, COVID-19 шектеулеріне және сайлаушылардың Мәжіліс сайлауының салыстырмалы түрде елеусіз деп қабылдауына байланысты бірнеше сайлау алдындағы іс-шаралар одан да шектеулі болды. ДИАҚБ ШСБМ-ның кейбір сұхбаттасушылары, оның ішінде саяси партиялар мүшелері, сайлау нәтижелері алдын-ала анықталған деп санады, бұл үгіт-насихат пен дауыс беруді маңызды емес әрекеттерге айналдырды.

Науқан барысында барлық партиялар президент пен тұңғыш президенттің саясатына қолдауларын көрсетті және олардың ешқайсысы «Нұр Отан» партиясының үстем жағдайына қарсы болған жоқ. Нәтижесінде науқан бәсекеге қабілетсіз болды және сайлаушыларға аз саяси балама ұсынылды. Партиялық науқандар, «Нұр Отан» жағдайында кандидат болмаған, партия басшыларына негізгі көңілді бөліп, қатты орталықтандырылды. Партия бағдарламалары нақты емес, есесіне сипаттамалық түрде болды; елеулі конституциялық өзгерістерді ұсынған жалғыз партия – парламенттік басқару жүйесіне біртіндеп көшуді жақтаған, сондай-ақ сайлауды бұрмалау үшін жазаны қатаңдатуды ұсынған «Ақ жол» партиясы болды. Нұр Отан одан әрі экономикалық, әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске және қазақ тілін пайдалануды көтермелеуге шақырды. Өзін ауылдық партия ретінде таныстырған «Ауыл» партиясы да, шағын және орта бизнес атынан өкілдік етуге үміткер «Ақ жол» партиясы да қазақ тілі мен қазақи өзіндік болмысын қолдануды насихаттады. «Адал» партиясы өзін кәсіпкерлер партиясы ретінде көрсетті, ал ҚХП өзінің коммунистік мұрасын солшыл идеологиясы мен көп ұлтты көзқарасы бар партия ретінде көрсетті.

«Нұр Отан» партиясының науқаны бүкіл ел бойынша билбордтардың едәуір санымен асып түсті. Партиялар жергілікті билік ұсынған плакаттарға арналған орындарды пайдаланды және әр үйді аралау науқанынан басқа, жеке және онлайн режимінде шағын кездесулер ұйымдастырды. Жаһандық пандемияға және оның медициналық және экономикалық салдарларына қарамастан, партиялар өз сайлау платформаларында үкіметтің COVID-19

<sup>45</sup> ХСБМ 9 қаңтар және сайлау күні сайлау үнсіздігінің бұзылуын байқамады.

пандемиясына қатысты шараларын қарастырмады, тек «Нұр Отан» партиясы сайлау жарияланғанға дейін екі күн бұрын аяқталған қайырымдылық қызметін алға тартты.<sup>46</sup> Кейбір ресейлік саясаткерлердің Қазақстанның солтүстік өңірлерінің тарихи мәртебесіне қатысты сөздері науқан басында қоғамдық салада кеңінен жарияланып, қазақ ұлтшылдығын қолдауды күшейткен тәріздес болды.

ДИАҚБ ШСБМ 24 саяси сайлау науқан шараларын бақылап, ішінара COVID-19 індетіне байланысты қоғамдық саяси кездесулердің аз мөлшерін атап өтті. Өте аз жағдайларда партиялар шараларды алдын-ала жариялауға құштар болды. Барлық емес, бірақ көптеген байқалған саяси жиналыстар пандемия шараларына сәйкес 30 немесе одан да аз адамнан тұрды, дегенмен бетперде кию және әлеуметтік қашықтықты сақтау сияқты басқа шаралар аз сақталды.<sup>47</sup> Жиналыстар ұстамды және даусыз өтті. Бірде-бір байқалған іс-шарада ешбір арандатушылық немесе қастастық тілі тіркелмеген. Сайлау күніне дейін ДИАҚБ ШСБМ мемлекеттік қызметкерлер мен студенттерге оларды жалпы сайлауға баруға, ал кейбір жағдайларда нақты «Нұр Отан» партиясы үшін дауыс беруге мәжбүрлеу мақсатында қысым жасалғаны туралы бірнеше хабарлама келіп түсті.<sup>48</sup> Олардың кейбіреулері мемлекеттік қызметкерлер бірнеше рет дауыс беріп, олардың дауыс бергендері туралы фотографиялық дәлелдер ұсынуы керек деп мәлімдеді. Сайлау күні ХСБМ көптеген сайлаушылар дауыс беру кезінде фотосуреттерін телефондарына түсіруді сұрағанын байқады.

Науқанның салқын сипаты онлайн кеңістікте де байқалды. Сайлауға қатысушы партиялар арасындағы кеңінен қолданылатын әлеуметтік желілер арасында Facebook, Instagram, Twitter және YouTube болды. «Нұр Отан» партиясымен қатар, «Адал» екінші орында ең белсенді онлайн үгіт-насихат жүргізді.<sup>49</sup> Партиялар көбінесе бір постты қазақ және орыс тілдерінде қайталап орналастырып, кей жағдайларда әйелдер мен жастар сияқты қоғамның жеке топтарына үндеу салды. Партиялар апта бойы өткен бетпе-бет үгіт-насихат шараларының шолуларын жасап отырғанымен, сайлаушылардың өздерінің шараларына қолжетімділігін шектей отырып, ешбір партия да алдын ала жоспарланған шараларын жариялаған жоқ. Науқан өзге бәсекелес партиялардың саяси платформаларына сілтемесіз оң сарынды болды. Негізгі қозғалған тақырыптар бетпе-бет кездесу шаралардағы үндеулерге сәйкес болып, әлеуметтік қамсыздандыру мен әл-ауқат тақырыптары айналасында болды. «Нұр Отан» онлайн насихатында қозғалған тақырыптарының арасына жемқорлық мәселесін де қосты. ЖСДП сайлауға бойкот жариялағанынан кейін, әлеуметтік желілердегі посттарын орналастыруды тоқтатты.

Гендерлік теңдік науқанның басты тақырыптарының қатарында болған жоқ. ҚХП нақты жұмыстармен айналысатын әйелдердің құқықтық кемсітуін тоқтатуды, ал «Нұр Отан» тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды. Әйелдер сайлауға қатысты шараларда қатысқанымен, тек біразы ғана сөз сөйлеушілер ретінде қатысты.<sup>50</sup> Жаңа гендерлік квотаның енгізілуіне қарамастан, партиялар әйел кандидаттарын белсенді түрде алға жылжитпады, ал әйелдер партиялық басшылық лауазымдарда көрінбеді.

<sup>46</sup> 2020 жылдың наурыз айында «Нұр Отан» «Біргеміз» атты қайырымдылық қорын құрды, ол наурыз бен қазан айлары аралығында 650 000 отбасына 33,9 млрд теңгеге жуық қаражат бөлді. Науқан барысында «Нұр Отанның» плакаттарынан басқа, «Біргеміз» логотипі бар плакаттар ілінді. «Нұр Отанның» науқандағы ұраны #БізБіргеміз болды.

<sup>47</sup> Денсаулық сақтау министрлігінің 10 желтоқсандағы [қаулысын](#) қараңыз (орыс тілінде).

<sup>48</sup> ДИАҚБ ШСБМ-на Шығыс Қазақстан облысы мен Нұр-Сұлтан қаласындағы қысым туралы хабарламалар келіп түсті.

<sup>49</sup> «Адал» партиясы орташа алғанда күніне он посттан, ал «Нұр Отан» алты посттан орналастырды.

<sup>50</sup> ДИАҚБ ШСБМ қатысқан ҚХП партиясының сайлау насихаты кездесулерінен басқа.

2020 жылғы Бейбіт жиындар туралы заң науқанға қатысты кейбір сырттағы жиындарды өткізуге оның алдындағы «рұқсат алу» талабын «ескертуге» ауыстырды.<sup>51</sup> Пикет, жиналыс және митинг түріндегі бейбіт жиналыстар «ескертуді» талап етсе де, демонстрациялар мен шерулер түріндегі бейбіт жиналыстар үшін рұқсат әлі де қажет.<sup>52</sup>

Бейбіт жиындар бостандығы іс жүзінде әлі де шектеліп келеді, бұл 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.7-тармағына қайшы келеді. Әкімдіктер ескертулерді болмашы техникалық себептермен қайтарып тастай алады, ал ескерту қарастырылып жатқан кезде жиын туралы хабарлауға тиым салынған.<sup>53</sup> Ұйымдастырушыларға алдын-ала белгіленген шектеулі жерлерде жиналыстар өткізуге нақты рұқсат қажет, бұл арнайы орындар әдетте қала орталықтарынан алыс орналасқан.<sup>54</sup> Кейбір саяси қайраткерлер ДИАҚБ ШСБМ-на 2019 жылы өткен президенттік сайлаудан бері митинг өткізуге жүздеген өтініштердің қайтарылғанын хабарлады.<sup>55</sup> Мұндай шектеу тәсілі бейбіт жиындар еркіндігіне заңда көрсетілген жәрдемдесудің мақсатына сәйкес келмейді.

Сайлауға қатысушылар жергілікті билік органдарына жеке үгітшілердің де сырттағы парақшалар таратуы туралы хабарлауы қажет. Барлық бес бәсекелес партия ДИАҚБ ШСБМ-на осы тәртіпті қолдайтындарын және бұл бейбіт жиындар мен пікір білдіру бостандығына еш шектеу қоймайды деп санайтындарын мәлімдеді, бұл науқанның бәсекелестіксіз өткен сипатын одан әрі айқындады.

---

<sup>51</sup> ХАСҚП-ның 21-бабына сәйкес «бейбіт жиындар құқығы танылу қажет. Бұл құқықты жүзеге асыруға заңмен белгіленген және демократиялық қоғамда ұлттық қауіпсіздік немесе қоғамдық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделерінде қажет болатын шектеулерден басқа ешқандай шектеулер қоюға болмайды».

<sup>52</sup> ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының [Бейбіт жиналыстар бостандығы жөніндегі 2019 жылғы нұсқаулығының](#) 25-тармағында былай делінген: «адам құқықтарының халықаралық құқығына сәйкес ішкі заңнама жиналыс туралы алдын-ала хабарлауды талап етуге міндетті емес, бірақ алдын-ала хабарлау мемлекетке жиналыстың бейбіт сипатын жақсырақ қамтамасыз етуге және іс-шараны өткізуге жәрдем ету немесе қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік бере алады. Ескерту тәртібі еш жағдайда іс жүзіндегі рұқсат алу тәртібіне айналмауы тиіс. Мемлекеттік билік органдарын алдын ала хабардар ету рәсімі күрделі немесе асыра бюрократияланған болмауы қажет». [БҰҰ-ның бейбіт жиналыстар мен қауымдастықтар бостандығы құқықтары бойынша Арнайы баяндамашысының 2013 жылғы баяндамасына](#) сәйкес, мемлекеттерге «бейбіт жиындардың рұқсат беру тәртібінің орнына бейбіт жиындар өткізу туралы ескерту тәртібімен тиімді түрде реттелуін қамтамасыз етуге, ал ескерту тәртібі енгізілген жағдайда, ескерту рәсімі барынша қарапайым және жедел болуға тиіс» деп талап қойылған.

<sup>53</sup> ДИАҚБ ШСБМ-ның кейбір сұхбаттасушыларының айтуынша, әкімдіктер көп жағдайларда жиналыстарға рұқсат беру туралы шешімді қарастыруды жоғары тұрған облыстық билік органдарына береді. Алматы қаласының жергілікті билігі ДИАҚБ ШСБМ-на орфографиялық қате бас тартуға негіз болуы мүмкін екенін хабарлады. Ұйымдастырушылар жоспарланған митингілер туралы, оның ішінде митинг тақырыптары мен қаржыландыру көздері туралы толық ақпарат беруі керек.

<sup>54</sup> Бірқатар азаматтар мен азаматшалар рұқсат берілмеген митингілерге қатысқандары немесе қатысуға шақырғандары үшін әкімшілік қамауға алынды. 16 желтоқсан күні саяси партиялар Алматы қаласы мен басқа өңірлерде тағзым ету шараларына қатысқанымен, ДИАҚБ ШСБМ «Оян, Қазақстан» және тіркелмеген ҚДП-нан әрқайсысы шамамен 20 белсенділерден тұратын екі кішкентай тобына 100-ге жуық полиция киіміндегі адамдармен «Тәуелсіздік таңы» ескерткішіне гүл қоюға жол берілмегенін көрді. Қосымша *Сайлау күні* бөлімін қараңыз.

<sup>55</sup> «Наше право» қозғалысының айтуынша, 2019 жылы олардың бейбіт жиналыс өткізуге өтініштері 35 рет қайтарылып барып, билік өкілдерімен рұқсат етілді. Алматы қаласының әкімдігі ДИАҚБ ШСБМ-на 2020 жылы 479 «ескерту» өткізіліп, 184 бас тартылғанын, ал 13 өтініш берушілердің өздерімен қайтарылып алынғанын хабарлады. Ақтөбе және Қостанай қалаларында 2020 жылы 69 және 32 «ескерту» өткізіліп, олардың сәйкесінше тек 8 және 7 қабылданды.

*Халықаралық стандарттарға толық сәйкес болу үшін Бейбіт жиналыстар туралы заң барлық адамдардың бейбіт жиналыстарға құқықтарын жүзеге асыруды жеңілдететіндей қайта қаралып, жүзеге асырылуы тиіс.*

Сайлаудағы бәсекелестерге қарағанда, түрлі оппозициялық қозғалыстар интернетте әлдеқайда белсенді болды. Олар саяси жүйені ашық сынға алды. Әр түрлі топтар сайлауға бойкот жариялау, бюллетеньдерді бұзу және әртүрлі жерлерде митингілер өткізу сияқты түрлі наразылық тактикаларын ұсынды.<sup>56</sup> ҚДТ «Ақ жол» партиясына дауыс беруге шақырғаннан кейін бұл партияның атынан үгіт-насихаты үшін кем дегенде 28 азаматқа айыппұл салынып немесе қамауға алынды.<sup>57</sup>

2018 жылғы Сайлау туралы заңға енгізілген өзгертулер қоғамдық пікір сауалнамаларын тек кем дегенде бес жылдық тиісті тәжірибесі бар ел аумағында тіркелген ұйымдарға ғана рұқсат береді, және бұл тым артық талап болып көрінеді. Заң оған қоса экзитполдарды жүргізуге тиым салып, өз ниетін білдірген ұйымдарды ОСК-на жоспарланған сауалнама жүргізуге қатысты шаралар жайлы хабарлауды міндеттейді; алайда ОСК құқықтық негіздемені рұқсат беру қажет деп түсінді.<sup>58</sup> Сайлауға дейін бірнеше ғана қоғамдық пікір сауалнамаларының нәтижелері шығарылды, олардың барлығында тек «Нұр Отан» партиясы ғана парламентке ену үшін қажетті жеті пайыздан асты.

## **X. НАУҚАНДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

Сайлау науқаны мен саяси партияларды қаржыландыру негізінен Сайлау туралы заңмен және Саяси партиялар туралы заңмен реттеледі. Парламенттік сайлау кезінде партиялық науқандарды мемлекет тарапынан қаржыландырудың болмауына қарамастан, Мәжілісте өкілдік ететін партиялар тұрақты қызметтері үшін мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру алады.<sup>59</sup>

Партиялар өз науқандарын 212,5 млн. теңгеге дейінгі мөлшерде өз көздерінен және 425 млн. теңгеге дейінгі мөлшерде жеке қайырымдылық көздерінен қаржыландыра алады.<sup>60</sup> Жеке салымдарға қойылған ешқандай шектеулердің болмауы корпорациялардың немесе ауқатты адамдардың партияларға шамадан тыс ықпал етуіне мүмкіндік береді.<sup>61</sup> Шетелдік немесе

<sup>56</sup> БАҚ пен оппозициялық дереккөздердің хабарлауынша, бір адам «Нұр Отан» плакатын жойғаны үшін мәжбүрлі түрде психиатриялық бақылауға алынған. Мысалы, БАҚ-тың [Қазақстандық белсендіні психиатриялық клиникаға орналастырғаны](#) туралы хабарын қараңыз.

<sup>57</sup> Азаматтар «анонимді» үгіт материалдарын дайындағаны немесе таратқаны, жазбаша келісімсіз партия атынан үгіт жүргізгені және рұқсат берілмеген жиындар өткізгені үшін жауапкершілікке тартылды (Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 113, 118 және 488-баптары).

<sup>58</sup> ОСК он мекемеге қоғамдық пікір сауалнамаларын өткізуге рұқсат берді. Партиялардың ішінен тек «Нұр Отан» ғана аккредитация алды.

<sup>59</sup> Парламенттік партиялар мемлекеттік қаржыландыруды соңғы сайлауда жинаған дауыстарының санына пропорционалды түрде алады.

<sup>60</sup> Белгіленген шектен асатын кез келген қайырымдылықтар салымшыларға қайтарылуы тиіс. Сайлау күнінен кейін партиялардың шоттарында қалған қаражаттың үштен екісі мемлекеттік бюджетке аударылады, ал үштен бірі салымшыларға қайтарылады.

<sup>61</sup> 2020 жылғы [ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының Саяси партияларды реттеу жөніндегі бірлескен нұсқаулығының](#) 213-тармағында «жеке қайырымдылыққа ақылға қонымды шектеулер бір донор енгізе алатын максималды соманы анықтауды қамтуы мүмкін. Мұндай шектеулер сыбайлас жемқорлық немесе саяси ықпалға ие болу мүмкіндігін төмендетуде өзінің тиімділігін дәлелдеді» деп көрсетілген. Еуропа Кеңесінің [Coe Rec 2003\(4\)](#) ұсынымдарының 3b II бабы тікелей Қазақстанға қолданылмаса да, ол «мемлекеттерге саяси партияларға қайырымдылықтың құнын шектейтін ережелерді енгізу мүмкіндігін қарастыруды» ұсынады.

жасырын көздерден, сондай-ақ мемлекеттік және діни ұйымдардан қайырымдылыққа тыйым салынады. Кандидаттарға және саяси партияларға тауарларды немесе қызметтерді тегін қабылдауға да тыйым салынады.

*Жаппай партиялық құрылысқа жәрдемдесу мақсатында және жеке донорлардың заңсыз ықпалына және саяси сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін, тұрақты іс-шаралар мен науқан өткізу үшін саяси партияларға жеке қайырымдылыққа дербес шектеулер қою туралы мәселені қарастыруға болады.*

ОСК сайлау-алды науқанын қаржыландырудың негізгі қадағалаушы органы болып табылады. Сайлау науқандарының кірістері мен шығыстарын есепке алу үшін арнайы банк шоттарын ОСК партиялық тізімдерді тіркеу кезінде ашты. Заңға сәйкес аталған банк ОСК-ға апта сайын есеп беріп отырды, ал ОСК сайлау күніне дейін екі рет, сондай-ақ 21 қаңтарда сайлау алдындағы науқанға қатысушылардың кірістерінің біріктірілген сомалары мен егжей-тегжейлі шығыстарын жариялады.<sup>62</sup> Заңмен талап етілмегендіктен, ОСК донорлардың аттарын және жеке қайырымдылықтың мөлшерін айқындайтын мәліметтерді жарияламады, бұл ашықтықты төмендетті.<sup>63</sup> Заңға сәйкес, қатысушылар сайлау нәтижелері жарияланғаннан кейін бес күн ішінде сайлау науқанын қаржыландыру туралы есептерін тапсырулары керек. ОСК қайырымдылық көздері мен әр шығын бабын көрсетуге көзделген осындай есептердің егжей-тегжейлі шаблонын ұсынды. Осыған қарамастан, осы қорытынды есепті жазу кезінде ОСК саяси партиялардың қаржылық есептерін жарияламады.

*Ашықтықты арттыру үшін қаржыландыру көздері мен нақтыланған шығыстар туралы деректерді қоса алғанда, науқандарды қаржыландыру туралы егжей-тегжейлі есептердің жариялануы қажет.*

ОСК мәліметтері бойынша, ол банктің ресми есептері негізінде қадағалауды жүзеге асырады және жария емес кірістер мен шығыстарды анықтау үшін мәнді тексеру жүргізбейді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс сайлау науқанына жұмсалған шығыстар туралы мәліметтерді тапсырмағаны және арнайы банктік шотты айналып өтіп науқанды қаржыландырғаны үшін айыппұлдарды көздейді. Мұндай ықпал-шаралар қолданылғаны жайлы хабар түскен жоқ.

*Сайлау науқанын қаржыландыруға арналған жарналар мен шығыстар Орталық сайлау комиссиясы тарапынан жан-жақты бақылауға алынуы тиіс, оған сайлау науқанын қаржыландыруға қатысты мәнді тексерістер жүргізу үшін заңдық өкілеттіктер мен ресурстар берілуі тиіс.*

<sup>62</sup> ОСК мәліметтері бойынша, «Нұр Отан» 637 миллион теңге, «Ауыл» - 490 миллион, «Ақ жол» - 370 миллион, ҚХП - 376 миллион теңге алып, жұмсаған.

<sup>63</sup> 2002 жылғы ТМД Конвенциясының 12.4-бабына сәйкес, оған қол қойған мемлекеттер «тыйым салынған қайырымдылықтың алдын алу үшін кандидаттарға, сайлауға қатысатын саяси партияларға (одақтарға) берілген барлық ақшалай қайырымдылықтардың ашық және ашық сипатын қамтамасыз етулері қажет». 2003 жылғы БҰҰ ЖҚК-ның 7.3-бабы мемлекеттерге «сайланатын мемлекеттік қызметке үміткерлердің қаржыландырудың ашықтығын арттыру мақсатымен ... тиісті заңнамалық және әкімшілік шаралар қабылдауды» ұсынады. ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының 2020 жылғы Саяси партияларды реттеу жөніндегі нұсқауларының 247-тармағында «сайлаушыларда саяси партияларға берілетін қаржылық қолдау туралы тиісті ақпарат болуы керек, өйткені бұл шешім қабылдауға әсер етеді және партияларды жауапқа тарту құралы болып табылады» делінген.



## XI. БАҚ

### A. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Конституцияда және халықаралық заңмен кепілдендірілген сөз бостандығы мен ақпаратқа қол жеткізу құқықтары Қылмыстық кодекстегі жөнсіз баптармен және басқа да заңдармен әлі де шектеліп келеді. 2020 жылдың маусым айында жала жабу қылмыстық сипаттан айырылғанымен<sup>64</sup>, диффамацияға қатысты «қорлау» және «көрінеу жалған ақпарат тарату» сияқты басқа да құқықтық нормалар Қылмыстық кодексте әлі де, халықаралық міндеттемелерге қайшы, сақталуда.<sup>65</sup>

Президенттің, тұңғыш президент пен мемлекеттік лауазымдардағы тұлғалардың «абыройы мен қадір-қасиетін» қорғайтын арнайы ережелер Қылмыстық кодекспен қарастырылса, Сайлау туралы заң БАҚ-на кандидаттар мен саяси партиялардың «абыройы мен қадір-қасиетіне» нұқсан келтіруге тыйым салады. Заңнамада бұл шектеулердің нақты анықтамалары қарастырылмаған.<sup>66</sup> Бұл тиым салулар шынайы саяси пікірталасты басып, БАҚ цензурасына әкеліп соғады. Сонымен қатар, 2017 жылғы БАҚ туралы заңға енгізілген өзгерістер журналистерді өз материалдарында адамдардың «жеке бас, отбасы, медициналық, банк, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалған құпияларына» қатысты ақпаратты шығармас бұрын, олардың рұқсаттарын алуға міндеттейді. Бірнеше журналистер ДИАҚБ ШСБМ-на бұл ережелер журналистік зерттеулерді мүмкін емес қылғанын айтты.

ХАСҚП-ның 20.2-бабы «кемсітушілікке, дұшпандыққа немесе зорлық-зомбылыққа арандатуға» тыйым салады. Алайда, сөз бостандығына кез-келген тиісті тыйымдар мен шектеулер орындылық, заңдылық және үйлесімдік қағидаттарына қатаң сәйкес келуі керек.<sup>67</sup> Халықаралық органдар бұған дейін Қылмыстық кодекстің алауыздықты және «экстремизмді»

<sup>64</sup> Жай ғана азаматтық іске айналуының орнына, жала жабу әкімшілік бұзушылық ретінде қарастырылып, ал іс қозғауға әлі де мемлекеттік органдары тартылады. Заңмен жала жабу үшін 30 күнге дейін әкімшілік қамау мен 2 млн. теңгеге дейін қисынсыз үлкен айыппұлдар қарастырылған. Пікір білдіру бостандығы жөніндегі халықаралық және аймақтық мекемелердің өкілдері диффамация туралы барлық қылмыстық заңдарды алып тастап, қажет болған жағдайда оларды диффамация туралы тиісті азаматтық заңдармен алмастыруды ұсынды. Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Сөз бостандығы бойынша Арнайы баяндамашысының, ЕҚЫҰ-ның бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы мәселелері жөніндегі өкілінің (БАҚБӨ) және АМУ-ның сөз бостандығы мәселесі жөніндегі Арнайы баяндамашысының Сөз бостандығын көтермелеудің халықаралық тетіктері туралы [2002 жылғы Бірлескен декларациясын](#) қараңыз.

<sup>65</sup> [ХАСҚП-на 2011 жылғы БҰҰ АСКК № 34 Жалпы ескертуінің](#) 47 тармағына сай, «Мемлекеттер диффамацияның қылмыстық сипаттан шығарылуын қарастырып, сондай-ақ, қылмыстық заңның қолданылуы тек ең қатаң жағдайларға ғана қолданылуы қажет, ал бас бостандығынан айыру ешқашан да тиісті шара болмауы тиіс».

<sup>66</sup> Сандық дәуірдегі сөз бостандығы мен сайлау туралы [2020 жылғы Бірлескен декларацияға](#) сәйкес, қоғам қайраткерлері «қарапайым азаматтарға қарағанда сын мен бақылаудың жоғары деңгейіне» төтеп беруі қажет. Сонымен қатар, пікір білдіруге немесе ақпаратқа кез-келген шектеу заңмен қамтамасыз етілуі керек. Адамдар белгілі бір іс-әрекеттің заңдылығын жеткілікті сенімділікпен алдын-ала болжай алатындай етіп, заң ашық, тиянақты, тар және нақты көрсетілуі керек. Сондай-ақ, 2011 жылғы ХАСҚП № 34 жалпы ескертулерінің 38-тармағын қараңыз.

<sup>67</sup> ХАСҚП-ның 19.3-бабында шектеулер «тек заңда көзделген және: а) басқа адамдардың құқықтарын немесе беделін құрметтеу үшін; а) ұлттық қауіпсіздікті немесе қоғамдық тәртіпті ... немесе қоғамдық денсаулық я адамгершілікті қорғау үшін қажет» деп жазылған. 2011 жылғы АСКК-ның ХАСҚП-не № 34 Жалпы ескертулерінің 52-тармағында Мемлекет пікір білдіруді шектеген кезде «тыйым салулар мен олардың ережелерін қатаң түрде 19-бапқа сәйкес негіздеу» қажет деп көзделген. БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссарының бастамасы болып табылатын 2013 жылғы [Рабат іс-әрекет жоспары](#) сөз бостандығының шектеулерін, өшпенділікті қоздыруды және ХАСҚП-ның 20-бабын қолдануды анықтаудың жоғары шегін ұсынады.

ДИАҚБ Шектеулі сайлауды бақылау миссиясының Қорытынды есебі

қоздыру туралы тым кең және көмескі ережелері құқықтық айқындылықты қамтамасыз етпейтінін және Қазақстанда діни сенім бостандығын, пікір білдіруді, жиналыстар мен бірлестіктерді негізсіз шектеу үшін пайдаланылатынын атап өткен болатын.<sup>68</sup>

Бас прокуратура кез келген мәлімдемелер, оның ішінде әлеуметтік желілерде тыйым салынған ҚДТ ұйымын қолдау үшін посттар немесе комментарийлармен алмасу Қылмыстық кодекстің 405-бабы (тыйым салынған экстремистік ұйымның қызметін ұйымдастыру немесе оған қатысу) немесе 182-бабы (экстремистік топты құру, оған басшылық ету немесе оның қызметіне қатысу) бойынша айыптауға әкеп соғуы мүмкін деп мәлімдеді.<sup>69</sup> Сайлау алдындағы бірнеше ай ішінде БАҚ Қылмыстық кодекстің 405-бабы бойынша, оның ішінде әлеуметтік желілердегі әрекеттері үшін азаматтарды қамауға алу, тұтқындау және қудалау туралы хабарлады.<sup>70</sup> Тыйым салынған экстремистік ұйымның қызметіне қатысқаны үшін қылмыстық жаза белгілі бір лауазымдарды атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға үш жылға дейінгі мерзімге тыйым салу мүмкіндігімен екі жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғуы мүмкін.

*Конституциямен кепілдік берілген, пікір білдіру бостандығына, оның ішінде диффамация мен өшпенділікті қоздыруға байланысты, құқықтың заңдардағы шектеулері заңдылық, орындылық және үйлесімділік қағидаттарына қатаң сәйкес келуі тиіс.*

Сайлау туралы заң сайыскерлерге ақылы эфирлік уақыт пен кеңістікке тең жағдайда қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңға сәйкес, хабар таратушылар, баспасөз ақпарат құралдары және барлық «интернет-ресурстар» бұқаралық ақпарат құралдары болып саналады және ақпарат және әлеуметтік даму министрлігінің (АӘДМ) бақылуына жатады, АӘДМ сонымен бірге хабар таратуға лицензия береді.<sup>71</sup> Барлық бұқаралық ақпарат құралдары қатысушылардың нақандарын тең дәрежеде жариялауға міндетті. АӘДМ ДИАҚБ ШСБМ-на әлеуметтік желілердегі аккаунттар сияқты «желілік жарияланымдар» БАҚ-на қатысты тура сондай ережелерге бағынса да, сайлау кезінде әлеуметтік желілер қатысушыларды тең дәрежеде қамтуға міндетті емес екенін және АӘДМ сандық мониторингіне кірмейтінін хабарлады. 9 қаңтар күні АӘДМ бақыланған бұқаралық ақпарат құралдары бәсекелес саяси партиялардың қызметін бірдей дәрежеде қамтығанын хабарлады.<sup>72</sup>

<sup>68</sup> Қылмыстық кодекстің 174, 179 және 405-баптарын және БҰҰ Арнайы баяндамашысының 2020 жылғы баяндамасының түйіндемесін қараңыз.

<sup>69</sup> Бас прокуратураның 2018 жылғы 13 наурыздағы [мәлімдемесін](#) қараңыз (орыс тілінде).

<sup>70</sup> Мысалы, [БАҚ](#) пен [азаматтық қоғам ұйымдарының](#) хабарлауынша, журналист және блогер Айгүл Өтепова 2020 жылдың 17 қыркүйегінен бастап үкіметті сынаған YouTube-тағы бейнелері мен әлеуметтік желілердегі посттары үшін үй қамауында болған; 23 қарашада ол мәжбүрлеп психиатриялық ауруханаға жатқызылды, ал 11 желтоқсанда үй қамауына алынды. 12 желтоқсанда [Диана Баймағамбетова қамауға алынып](#), «тыйым салынған ұйымға қатысқаны үшін» 2021 жылғы 12 ақпанға дейін тергеу изоляторына қамалды. Баймағамбетова ханым 2020 жылы рұқсат берілмеген үш жиналысқа қатысқаны үшін әкімшілік қамауда жалпы алғанда 45 тәулік өткізді. 2020 жылдың 21 желтоқсанында [Әлібек Молдин](#) әлеуметтік желілердегі әрекеттері үшін «тыйым салынған ұйымға қатысқаны үшін» бір жылға бас бостандығын шектеуге сотталды. Оған 2021 жылғы 21 желтоқсанға дейін әлеуметтік желілер мен хабар алмасу қосымшаларында пост жариялауға тыйым салынды.

<sup>71</sup> Әлеуметтік желілердегі аккаунттар бұқаралық ақпарат құралдарымен бірдей жауапкершілікке ие болса да мысалы, үшінші тараптардың жарияланымдары үшін ықтимал жауапкершілік, аккредиттеу тек келісімшартта отырған журналистерге беріледі.

<sup>72</sup> [Есепке](#) сәйкес, АӘДМ 47 теледидар станциясын, 321 баспа басылымын және 131 интернет-басылымды бақылады.



## **В. БАҚ ЖАҒДАЙЫ**

АӘДМ мәліметі бойынша, тіркелген 4 500-ден астам бұқаралық ақпарат құралдарының тек 25 пайызы ғана белсенді. Саяси ақпараттың негізгі көзі болып табылатын теледидар мемлекетке тиесілі немесе көбінесе мемлекет тарапынан субсидияларға ие. Коммерциялық бұқаралық ақпарат құралдарының кімнің түпкілікті меншігінде екені айқын емес. ДИАҚБ ШСБМ-ның кейбір сұхбаттасушылары жеке ұлттық БАҚ-тың көпшілігі үкіметке жақын кәсіпкерлерге, атап айтқанда тұңғыш президенттің отбасына тиесілі болып, БАҚ-дағы дауыстардың әртүрлілігінің болмауына әкеледі деп мәлімдеді.

ДИАҚБ ШСБМ-ның көптеген сұхбаттасушылары бұқаралық ақпарат құралдарының, атап айтқанда теледидардың мемлекеттік субсидияларға тәуелділігі олардың редакциялық тәуелсіздігіне нұқсан келтіреді деген пікір білдірді.<sup>73</sup> Тәуелсіз БАҚ өкілдері субсидиялар шектеулі жарнама нарығындағы бәсекелестікті одан әрі бұрмалайтынын хабарлады.

*Меншік және бұқаралық ақпарат құралдарын қаржыландыру көздері туралы ақпарат көпшілікке жария етілуі тиіс. Медиа алуандығын қолдау және редакциялық дербестігін арттыру үшін мемлекеттік субсидиялар мен жарнамаларды бөлу ашық болуы керек.*

Қоғамдық пікірталастар біртіндеп интернет кеңістігіне көшіп барады, бұл жаңалықтар мен пікірлердің плюрализмі үшін көбірек орын береді. Алайда, халықаралық ұйымдар бұған дейін интернет бостандығына асыра араласуды, соның ішінде мемлекеттік органдардың сайттар мен әлеуметтік желілерді өте кең негізде және алдын-ала сот шешімінсіз бұғаттағанын хабарлады.<sup>74</sup> АӘДМ және Ұлттық қауіпсіздік комитеті алдын-ала сот шешімінсіз веб-сайттар мен бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын бұғаттауға құқылы.<sup>75</sup> 2020 жылғы желтоқсан айында үкімет тарапынан азаматтарға интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ететін барлық құрылғыларға «түпкі сертификатты» орнату туралы ұсыныс халықаралық провайдерлердің, соның ішінде Apple, Google, Microsoft және Mozilla-ның сертификатты өз браузерлерінде бұғаттау арқылы қарсылығына тап болды.

*Сөз бостандығын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін веб-сайттардың, блогтардың және басқа да интернет-ресурстардың жұмысына кез келген шектеулер ашық, заңмен нақты белгіленген, сот қадағалауына жататын және қажеттілік пен мәлшерлестіктің қатаң өлшемшарттарына сәйкес келуі тиіс.*

<sup>73</sup> 2018 жылы «Құқықтық медиа-орталық» бейүкіметтік ұйымы Жоғарғы Сотқа АӘДМ-ға қарсы апелляциядан жеңілді. Министрлік мемлекеттік қаржыландыру алатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы ақпарат беруден бас тартты.

<sup>74</sup> [БҰҰ Арнайы баяндамашысының 2020 жылғы баяндамасының](#) 27-тармағын және ЕҚЫҰ БАҚБжӨ-нің 2018 жылға [арналған мәлімдемесін](#) қараңыз.

<sup>75</sup> 2011 жылғы БҰҰ АҚК № 34 жалпы тәртіптегі ескертуінің 15-тармағында: «қатысушы мемлекеттер жеке адамдардың (онлайн бұқаралық ақпарат құралдарына) қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін [...] барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс» деп көрсетілген. [БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2012 жылғы Адам құқықтарын көтермелеу, қорғау және іске асыру туралы қарарында](#) «адамдардың оффлайн режиміндегі құқықтары, атап айтқанда сөз бостандығы, онлайн кеңістікте де қорғалуы керек» делінген.

## С. БАҚ МОНИТОРИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ДИАҚБ ШСБМ жүргізген БАҚ мониторингінің нәтижелері сайлау науқанын теледидарда және онлайн-БАҚ-та жариялау шектеулі екенін көрсетті.<sup>76</sup> Барлық теледидар станцияларындағы саяси тұлғалардың тоқсан пайызы ер адамдар болды. Бақыланған теледидар станциялары, әдетте, өз жаңалықтарында бәсекелес партияларды тең мөлшерде қамту міндеттемесін ұстанды. «Хабар» телеарнасы репортаждарының 22, 18, 19, 24 және 17 пайызын тиісінше «Адал», «Ақ жол», «Ауыл», «Нұр Отан» және ҚХП, ал «Qazaqstan» телеарнасы 26, 18, 18, 15 және 23 пайызын тиісті саяси партияларға арнады. «Бірінші Еуразия» арнасында «Адал», «Ақ жол», «Ауыл», «Нұр Отан» және ҚХП науқан жарығының тиісінше 18, 18, 19, 28 және 18 пайызын, ал КТК арнасының – 20, 21, 19, 21 және 20 пайызын алды.<sup>77</sup>

Дегенмен, жаңалықтар саяси тұлғалардың мемлекеттік қызметкерлер ретінде көрсетілуін қоса алғанда, «Хабар» телеарнасы жаңалықтардың 17, 14, 15, 39 және 15 пайызын тиісінше «Адал», «Ақ жол», «Ауыл», «Нұр Отан» және ҚХП партияларына арнағанын көрсетті, ал бұл партиялар тиісінше «Qazaqstan» телеарнасының 20, 13, 13, 35 және 18 пайызында қамтылды. Бірінші Еуразия арнасында «Адал», «Ақ жол», «Ауыл», «Нұр Отан» және ҚХП 11, 11, 12, 54 және 12 пайыз эфир жарығына ие болса, ал КТК аталмыш партияларға жаңалықтарының 18, 19, 17, 28 және 18 пайызын арнады. Барлық жаңалықтар оң (шамамен 70%) немесе бейтарап сарында жарықтандырылды. Жаңалықтарда және ағымдағы оқиғаларға қатысты басқа бағдарламаларда ешбір сыни үндердің болмауы аналитикалық журналистік репортаждардың жоқтығын және науқанның бәсекеге қабілетсіз сипатын көрсетті. Интернеттегі БАҚ-та жариялау шектеулі болса да, сәл түрлірек болды.

30 желтоқсанда «Хабар» телеарнасы тікелей эфирде ОСК ұйымдастырған пікірсайысты көрсетті; тағы екі дебатты «Qazaqstan» және КТК телеарналары барлық бәсекелес партиялардың өкілдерінің қатысуымен көрсетті.<sup>78</sup> Оң қадам ретінде, прайм-таймда өткен бұл пікірталастар барлық бәсекелес партияларға өз бағдарламаларын ұсынуға және бір-бірімен өзара әрекеттесуге мүмкіндік берді.

## ХІІ. ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

Ресми статистика бойынша, этникалық қазақтар халықтың 63,1%, одан кейін орыстар 23,7% құрайды. Басқа елеулі этникалық қауымдастықтар – өзбектер, украиндар, ұйғырлар, татарлар және немістер.<sup>79</sup> Конституция мен Тілдер туралы заңда қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады, орыс тілі мемлекеттік мекемелер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен тең қолданылады, басқа тілдер көтермеленеді деп көрсетілген.

ДИАҚБ ШСБМ бақылаған сайлау науқанының іс-шараларында азшылық тілдері қолданылған жоқ, бірақ кейбір сайлауға қатысушылар ДИАҚБ ШСБМ-на қазақ және орыс тілдерінен басқа, өздерінің сайлау алдындағы материалдарын ұлттық азшылық топтар пайдаланатын басқа тілдерде басып шығарғанын хабарлады. Науқан барысында ұлттық азшылықтарға

<sup>76</sup> 2020 жылғы 13 желтоқсан мен 2021 жылғы 8 қаңтар аралығындағы кезеңде ДИАҚБ ШСБМ бес телевизиялық станцияға («Хабар ТВ», «Қазақстан ТВ», «Бірінші Еуразия арнасы», «7 арна» және «КТК»), сондай-ақ бес интернет-БАҚ-қа (tengrinews.kz, informburo.kz, vlast.kz, azattyq.org және kaztag.kz) мониторинг жүргізді.

<sup>77</sup> «7 Арна» жаңалықтарды көрсетпейді.

<sup>78</sup> Qazaqstan TV (22 желтоқсан) және КТК (26 желтоқсан) телеарналарындағы дебаттар саяси партиялар төлеген ақылы саяси жарнама ретінде белгіленді.

<sup>79</sup> Соңғы ресми [халық санағы](#) 2009 жылы өтті.

бағытталған кемсітушілік риторика немесе іс-әрекеттер туралы хабарланбады немесе байқалмады.

Сайлау туралы заң сайлау бюллетеньдерін қазақ және орыс тілдерінде басып шығаруды көздейді. Парламенттік сайлауға арналған бірде-бір бюллетень ұлттық азшылықтар сөйлейтін басқа тілдерде басылмаған. ДИАҚБ ШСБМ бұл мәселе бойынша азшылық қауымдастықтар тарапынан қандай да бір елеулі шағымдар туралы білмесе де, бұл тәжірибе ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық стандарттарға толық сәйкес келмейді.<sup>80</sup>

Саяси партиялар туралы заң ұлттық, этникалық немесе діни негізде партиялар құруға тыйым салады. Сайлау туралы заңда кандидаттардың қалауы бойынша ҚХА-ның тоғыз үміткерінен басқа, кандидаттарды тіркеу үшін этникалық шығу тегі туралы мәліметтер талап етілмейді. Барлық бес партия азшылық ұлттардың арасынан үміткерлерін ұсынды. ОСК мәліметтері бойынша, этникалық қазақтар кандидаттардың 79,8 пайызын, ал этникалық орыстар – 13,8 пайызын құрады. Кандидаттардың қалған 6,4 пайызы басқа 10 этникалық топтың өкілдерін қамтыды.<sup>81</sup> Сайлау комиссиялары мүшелерінің этникалық шығу тегі туралы деректерді бөліп көрсетуге ешқандай заңнамалық талаптар жоқ.

11 қаңтарда ҚХА тоғыз депутатты сайлады. Олардың екеуі – этникалық қазақ қауымынан, және армян, әзірбайжан, корей, күрд, орыс, татар және ұйғыр қауымдастықтардың әр қайсынан бір депутаттан.

### ХІІІ. АРЫЗДАР МЕН ШАҒЫМДАР

Сайлауға қатысты дауларды қадағалайтын құқықтық нормалар Сайлау туралы заңда, Азаматтық іс жүргізу кодексінде, Әкімшілік рәсімдер туралы заңда, Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңда бөлініп қарастырылғандықтан, тиісті ережелерге қатысты түсініксіздіктер мен заңдық белгісіздіктер пайда болады. Заңнамада төменгі деңгейлі сайлау комиссияларымен шағымдарды қарастыру бойынша нақты рәсімдер немесе құқықтық кепілдіктер қарастырылмаған.<sup>82</sup>

*Түсініксіздіктерді жою және біріктірілген іс жүргізу базасы мен барлық деңгейдегі сайлау комиссияларында сайлау дауларын шешудің тиісті іс жүргізу кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында шағымдар мен апелляцияларды қараудың құқықтық базасын қайта қарау қажет.*

Азаматтар мен басқа да мүдделі тараптар сайлауға байланысты шағымдарды болжамды бұзушылық болған сәттен бастап 10 күн ішінде сайлау комиссияларына немесе соттарға бере алады. Сайлау комиссияларына шағымдарды қарауға бес күн және төменгі тұрған комиссиялардың шешімдеріне апелляцияларды қарауға үш күн берілген. Сайлау күніне бес

<sup>80</sup> ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 32.5-тармағында: «Ұлттық азшылықтарға жататын адамдар ана тілінде ақпаратқа қол жеткізуге және оны бөлісуге құқылы» делінген. АСҚК № 25 жалпы тәртіптегі ескертулерінің 12-тармағында: «дауыс беру туралы ақпарат пен материалдар азшылық тілдерінде қолжетімді болуы тиіс» делінген.

<sup>81</sup> Бұл этникалық әзірбайжандар, белорустар, чуваштар, немістер, корейлер, поляктар, татарлар, ұйғырлар, украиндар мен өзбектер. ОСК-ның 10 желтоқсандағы [баспасөз хабарламасын](#) қараңыз.

<sup>82</sup> Әкімшілік рәсімдер туралы заңда өтініш берушінің хабардар болу және тыңдауға жеке қатысу құқығын көздейтін ОСК-дағы процеске қатысты белгілі бір кепілдіктер болса, төменгі деңгейдегі комиссияларына қатысты іс жүргізу ережелері мен шағымдарды қарау кепілдіктері қарастырылмаған.

күн бұрын өткізілген шағымдар дереу қаралуы керек. Егер шағым комиссияға да, сотқа да берілсе, комиссия істі қарауды тоқтатады.

ОСК ДИАҚБ ШСБМ-на сайлау күніне дейін 104 және сайлау күні немесе одан кейін 13 мәлімдеме алғаны туралы хабарлады. Сайлаушылар мен азаматтық бақылаушылардың кейбір мәлімдемелері заңды шағымдарды тудырғанымен, ешқандай мәлімдеме шағым ретінде жіктеліп, ашық отырыста қаралмады.<sup>83</sup> ДИАҚБ ШСБМ сайлау күніне дейін төменгі деңгейдегі комиссиялар қараған бірнеше шағымдар туралы хабардар болды. ДИАҚБ ШСБМ-ның азаматтық қоғамнан көптеген сұхбаттасушылары шағымдардың аздығын сайлаудың бәсекеге қабілетсіздігімен және сайлау дауларын шешу тәртібіне деген сенімнің төмендігімен түсіндірді.

ОСК-ға қатысты шағымдарды бірінші инстанцияда Жоғарғы Соттың сотымен қарастырылады, ал оның шешіміне кейіннен Жоғарғы Соттың соңғы инстанциялы кассациялық алқасына шағым жасалуы мүмкін. Сайлау туралы заңға сай, ОСК жариялаған түпкі нәтижелерге жарияланған сәттен бастап 10 күн ішінде Конституциялық Кеңеске шағымдануға болады, бірақ тек президент, премьер-министр, екі палатаның спикерлері немесе парламент мүшелерінің жалпы санының бестен бірі ғана бұл құқыққа ие. Заңнамада ОСК жариялаған қорытынды нәтижелеріне шағымдар Жоғарғы Сотқа өткізілу мүмкіндігі жайлы анық айтылмаған, ал ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушылары бұл ережелерді қатысты бірыңғай түсініктің жоқтығын көрсетті.<sup>84</sup> Сайлау туралы заң сайлау нәтижелерін жарамсыз деп танудың нақты өлшемдерін көрсетпеген.

*Сайлау туралы заңға сайлауға мүдделі тараптардың барлық деңгейдегі сайлау нәтижелеріне шағым беру құқығын тікелей көздейтін түзетулер енгізілуі қажет. Ол сондай-ақ осындай шағымдарға қатысты юрисдикцияны нақты анықтап, сайлау нәтижелерінің ықтимал жарамсыздығының объективті өлшемдерін белгілеуі керек.*

Сайлау күніне дейін Жоғарғы Сотқа 44 шағым келіп түсті, олардың көпшілігі ОСК-нің азаматтық бақылаушылар жайлы қаулысына қатысты болды (*Сайлауды бақылау бөлімін қараңыз*).<sup>85</sup> Бұл шағымдардың барлығы тым формалды негіздермен немесе заңмен қарастырылған мерзімдерден кешіктіріліп өткізілді деген себептермен, өздерінің техникалық қателіктерін жөндеуге ешқандай да бір мүмкіндіксіз қайтарылып отырды.<sup>86</sup> Тыңдаулар COVID-19-ға байланысты санитарлық шараларды сақтау үшін онлайн режимінде өткізілді. Іс тараптары, сондай-ақ процесті бақылағысы келетіндер Жоғарғы Соттың сайтында тіркелгеннен кейін қол жеткізе алды.

<sup>83</sup> Заң шағымдар мен өтініштерді бөліп қарастырады, ол бойынша, өтініш мемлекеттік мекемелер мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы кез келген жазбаша түрдегі байланыс деп анықталған. Өтініштерге жауап беру бойынша жалпы мерзім Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы заңмен бекітілгендей, 15 күннен 30 күнге дейін аралықта болуы қажет.

<sup>84</sup> Азаматтық іс жүргізу кодексінде ОСК шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Жоғарғы Сотқа шағым жасалуы мүмкін деп көзделгенімен, Конституциялық Кеңеске де, Жоғарғы сотқа да қатар берілетін нәтижелерге шағым жасауды реттейтін ережелер жоқ. ДИАҚБ МХВ-мен кездесуде Жоғарғы Сот оның сайлау нәтижелеріне апелляцияларды қарауға құқығы бар-жоғын растамады.

<sup>85</sup> ДИАҚБ ШСБМ-на аудандық соттарға берілген үш шағым туралы ғана белгілі болды; олардың барлығы Жоғарғы Сот қарауына жататындықтан, қабылданбады.

<sup>86</sup> Кейбір шағымдар өтініш берушінің телефонын немесе сәйкестендіру нөмірін, ОСК байланыс деректерін көрсетпеу, сондай-ақ ОСК-ның тиісті шешімі қайда жарияланғаны көрсетілмегені сияқты негіздер бойынша қабылданбады.

Сайлау күні УСК мен ТСК тарапынан болған болжамды бұзушылықтарға қатысты көп шағым өткізілді, олардың көпшілігі азаматтық байқаушылар атынан болды. Әдетте, олар шағым ретінде қаралмады және өтініш берушілерге жауап берілмеді.<sup>87</sup> ДИАҚБ ШСБМ сайлау күні заң бұзушылықтарға байланысты аудандық соттарға түскен 20-ға жуық шағымдар жайлы хабардар болды, олардың көпшілігі бақылаушылардың құқықтарының бұзылуына қатысты болды. Бұл шағымдардың бірі де ресми түрде қабылданбады. Жалпы, форматтың елеусіз кемшіліктері үшін шағымдарды қабылдамаудың кең таралған тәжірибесі тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз етпейді, бұл ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық міндеттемелерге қайшы келеді.<sup>88</sup>

*Барлық мүдделі тараптардың тиімді құқықтық қорғауын қамтамасыз ету және сайлау дауларын шешуге қозғамның сенімін арттыру үшін сайлау комиссиялары мен соттар сайлаудағы бұзушылықтар мен дауларға қатысты барлық хабарламалардың мазмұнын мұқият және бейтарап түрде қарастыруы керек. Озық тәжірибеге сәйкес шағым беру үшін шаблон жасауға болады және форматтағы кемшіліктер сияқты формалды негіздер бойынша шағымдардың қабылданбауы туралы шешім қабылдаудан бас тарту қажет.*

#### XIV. САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ

ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес Сайлау туралы заң партиялық, азаматтық және халықаралық сайлауды бақылауды көздейді. Саяси партиялар сонымен бірге сенімді адамдарға ие болуға құқылы және байқаушылар емес, тек сенімді адамдар ғана дауыстарды қайта санауды талап ете алады. Халықаралық бақылаушылар ОСК-мен аккредиттелсе, азаматтық бақылаушылар мен сенім білдірілген адамдар үшін ресми аккредиттеу рәсімі жоқ.<sup>89</sup>

Кейбір бейкоммерциялық ұйымдардың азаматтық бақылаушылары олардың сайлауды тиімді бақылауына жол бермеуге бағытталған келісілген шараларға тап болды. ДИАҚБ ШСБМ-ның бірнеше сұхбаттасушылары сайлау күніне дейін және одан кейін кейбір бақылаушылар тобына бұрын-соңды болмаған қысым туралы хабарлады және мұны 2019 жылғы президенттік сайлау кезінде азаматтық бақылаушылар анықтаған сайлау күнгі бұзушылықтардан кейінгі наразылық митингілеріне жауап ретінде қарастырды.

ДИАҚБ ШСБМ 30-ға жуық бейкоммерциялық ұйымдар мен құқық қорғау топтары, соның ішінде алдыңғы сайлауды бақылағандар осы сайлау қарсаңында салықтық тексерулерге ұшырағандығы туралы хабардар болды, бұл олардың өз қызметін жүзеге асыру қабілетіне айтарлықтай әсерін тигізді. Сайлаудан кейін, 15 қаңтар күні «ЭХО» азаматтық бақылаушылар тобының барлық қызметі 2021 жылғы 15 сәуірге дейін тоқтатылды және ұйымға 583 400 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды. 25 қаңтарда осыған ұқсас қызметті үш айға тоқтату

<sup>87</sup> ОСК ДИАҚБ ШСБМ-на сайлау күні орын алған бұзушылықтар туралы хабарламалар "актілер" ретінде тіркелетінін, шағымдар ретінде қарастырылмайтынын, сондықтан комиссиялардың ресми жазбаша жауап беру бойынша ешқандай міндеттемелеріне әкеп соқпайтынын хабарлады.

<sup>88</sup> 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 5.10-тармағында «Әркімнің негізгі құқықтарды құрметтеуге және құқықтық қол сұғылмаушылықты қамтамасыз етуге кепілдік беру үшін әкімшілік шешімдерден тиімді құқықтық қорғау құралдары болады» деп көзделген. ХАСҚП-ның 2-бабында «Осы құжатта танылған құқықтары немесе бостандықтары бұзылған кез келген адамның тиімді құқықтық қорғау құралы болуы тиіс» деп көзделген. Венеция комиссиясының Озық тәжірибе кодексінің II. 3.3 b бөлімі сайлау дауларын қарау процедурасының «атап айтқанда апелляцияның қолайлылығына қатысты қарапайым және формализмге толы болмауын» ұсынады.

<sup>89</sup> ОСК жалпы алғанда 10 халықаралық ұйымнан және 31 шет мемлекеттен 398 халықаралық байқаушыны аккредиттеді.

туралы бұйрық пен тиісінше 2 және 1 млн теңге мөлшерінде айыппұл сайлау бақылаушыларын дайындаумен айналысқан Адам құқықтары жөніндегі қазақстандық халықаралық бюро және Халықаралық құқықтық бастама құқық қорғау ұйымдарына салынды.<sup>90</sup>

Сайлау туралы заң бейкоммерциялық ұйымдар үшін сайлауды бақылау бойынша біліктілік критерийлерін белгілемейді. Соған қарамастан, 4 желтоқсанда ОСК төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларына өздерінің жарғыларындағы мақсаттары арасында «азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау» деген пункті бар бейкоммерциялық ұйымдарға ғана бақылау мүмкіндігін беруге ұсынатын қаулы қабылдады. ОСК-ның қоғамдық түсіндірмесі бойынша, қай ұйым бұл критерийге сәйкес келу-келмеуін УСК өздері шешті. Сайлау күні бұл бақылаушыларды өз борыштарын атқаруға кедергі келтіретін қосымша белгісіздік туғызды.<sup>91</sup> Кейбір азаматтық бақылаушылар практикалық себептермен және негізінен олар ОСК қаулысының заңдылығымен келіспейтіндіктен, олар өздерінің жарғыларын өзгертпейтінін жеткізді.<sup>92</sup>

ОСК сондай-ақ дауыс беру барысында байқаушылардың фото, бейне және аудиожазбаларға құқықтарын қадағалады және сайлау учаскелерінде азаматтардың жеке бас деректерін қорғауды қамтамасыз ету мақсаты сылтауымен жазылған материалдарды жариялауға және таратуға тыйым салды.<sup>93</sup> ДИАҚБ ШСБМ-на бірқатар азаматтық бақылаушылардың УСК-мен суретке түсіру немесе видео түсіру мүмкіндігінен айырылғаны туралы хабарланды, ал кемінде 15 бақылаушыға тікелей эфир жүргізгендері үшін айып тағылып, сайлау учаскелерінен қуылды.

Сонымен бірге, ДИАҚБ ШСБМ-ның көптеген сұхбаттасушылары бақылаушыларды жіберген ресурстармен жақсы қамтамасыз етілген бірқатар ұйымдар үкіметпен тығыз байланысты болып, азаматтардың бақылауын әлсіретуге және бұзуға бағытталған деген пікір білдірді.<sup>94</sup> Жанжалдың әдейі ушығуы және кейбір бақылаушылар топтарының бақылау үдерісін қасақана бұзуы жағдайларын сайлау күні ДИАҚБ ШСБМ-мен тура байқалды.

Бақылаушылар үшін COVID-19-ға қатысты міндетті тестілеуді кеш енгізу азаматтардың бақылауына кедергі келтіретін тағы бір қадам ретінде қабылданды, өйткені COVID-19 тестілеріне қосымша шығындар олардың оралымды бюджеттерінде алдын-ала

<sup>90</sup> [БАҚ-тың](#) хабарлауынша, Мемлекеттік кірістер қызметінің басшысы бұл санкциялар техникалық қателіктер үшін енгізілгенін айтты. Азаматтық қоғам ұйымдары оларға жіберілген қателіктерді түзетуге мүмкіндік берілмегенін атап өтіп, мемлекеттік органдарға құқық қорғау ұйымдарына жасалған шабуылдарды тоқтату туралы [өтініштерін](#) үндеді.

<sup>91</sup> Азаматтық бақылаушылардың екі тобы, «Еркіндік қанаты» және Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі ДИАҚБ ШСБМ-на олардың жарғысын УСК-мен түсіну негізінде олардың 17 бақылаушысына кіруден бас тартылғаны туралы хабарлады.

<sup>92</sup> Әділет министрлігі ДИАҚБ ШСБМ-на 4 желтоқсаннан бері 94 ұйым өздерінің жарғылық құжаттарына өзгерістер енгізгені туралы хабарлады.

<sup>93</sup> ОСК жазылған материалдарды азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелер ретінде ғана пайдалануға болады, ал байқаушылардың сайлау учаскелерінен онлайн-бейнетрансляция жасауына жол берілмейді деп қаулы етті.

<sup>94</sup> Сайлауды партиясыз бақылау мен азаматтық ұйымдармен бақылау бойынша жаһандық қағидаттар декларациясының 8-тармағында «ешкімге партиясыз азаматтық бақылаушы немесе мониторинг жүргізуші болуға рұқсат етілмеуі керек, егер ол қандай да бір саяси, экономикалық немесе басқа мүдделер қақтығысынан босатылмаса, бұл адамның сайлауды бақылау және мониторинг жүргізу жөніндегі қызметін кемсітпейтін, бейтарап, дәл және уақтылы жүзеге асыруына кедергі келтіруі мүмкін» делінген.



қарастырылмаған.<sup>95</sup> 9 қаңтар күні Алматы қаласында бақылаушылардың бір тобының бақылау қызметінің негізгі бөлігі ПТР-тестілерді ресми рұқсат алмаған зертхана өткізді деген болжаумен билік тарапынан тоқтатылды. ДИАҚБ ШСБМ-ның кейбір сұхбаттасушылары COVID-19 алдын-алу шаралары денсаулықты қорғаудың шынайы құралы ретінде емес, мәнді бақылаудың алдын-алу үшін сылтау ретінде қолданылды деген пікір білдірді.

*Билік органдары, оның ішінде Орталық сайлау комиссиясы бақылаушылардың сайлау үдерісіне қатысу ережелерін шектеп түсіндіруден және жөнсіз қолданудан өзін шектеуі тиіс. Кез-келген осындай ережелер нақты, уақтылы жарияланып және кемсітушіліксіз сипатта болуы керек.*

## XV. САЙЛАУ КҮНІ

ДИАҚБ әдіснамасына сәйкес, ДИАҚБ ШСБМ сайлау барысын жан-жақты немесе жүйелі түрде бақыламады, бірақ елдің 17 облысының 13-індегі біраз сайлау учаскелерінде дауыс беруді, жабуды, дауыстарды санауды және дауыстарды кестелеуді бақылады.

Сайлау күні жалпы тыныш өтті. Бірнеше қалаларда полиция мен қауіпсіздік қызметтері өкілдерінің көп болуы саяси қозғалыстардың алдын-ала жарияланған бейбіт демонстрацияларын өткізуіне кедергі келтірді.<sup>96</sup> Сайлаудан кейін билік өкілдері ДИАҚБ ШСБМ-на ҚДТ мен оның жақтастары сайлау күні митингке шығуға шақырғаннан кейін, қоғамдық тәртіп пен сайлау барысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сақтандыру шараларын қабылданғаны туралы хабарлады. Алматы қаласында ХСБМ жазалау шараларына ұқсаған, 20-ға жуық белсенділерден тұратын екі жеке топтың қысқы ауа-райында тоғыз сағат бойы әрқайсысы жүзге жуық полиция қызметкерімен қоршалуына куә болды.<sup>97</sup> БАҚ пен азаматтық қоғам топтары сайлау күні бірқатар белсенділердің ұсталғаны туралы хабарлады.<sup>98</sup> Күні бойы Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында интернет жұмысының баяулағаны, сондай-ақ кейбір БАҚ сайттарының жабылғаны туралы хабарланды.<sup>99</sup>

Дауыс беру тәртібі жалпы ХСБМ бақылаған сайлау учаскелерінде сақталды. Соған қарамастан, ХСБМ байқаушылары бірнеше бюллетендерді лақтырудың айқын белгілерін, бақыланған УСК жариялаған сайлаушылардың жоғары келуімен салыстырғанда сайлаушылар тізімінде қолдардың жетіспеушілігін, сайлаушылардың тіркелуінің дәлдігіне байланысты маңызды проблемаларды көрсететін қосымша сайлаушылар тізіміндегі көптеген жазбаларды, қате мөрленген сайлау жәшіктерін және сайлау учаскелерінде рұқсатсыз адамдардың қатысуын атап өтті. Партиялық сенім білдірілген адамдар да, азаматтық байқаушылар да саны

<sup>95</sup> Денсаулық сақтау министрлігінің 29 желтоқсандағы № 69 қаулысы және 30 желтоқсандағы Сайлау күніндегі санитарлық талаптар «COVID-19 қаупі орташа және жоғары аймақтар» деп белгіленген аймақтардағы сайлау учаскелеріндегі барлық бақылаушылар мен сенім білдірушілерді бес күндік теріс ПТР тестін тапсыруға міндеттеді. Тегін ПТР-тест алуға құқылы болу үшін бақылаушы ұйымдар әкімдіктерге 3 қаңтарға дейін, яғни бар болғаны 12 сағат ішінде бірқатар тіркеу құжаттарын ұсынуы тиіс еді. ОСК мәліметінше, 33 326 бақылаушы тегін тестілеуден өткен.

<sup>96</sup> Бұл Ақтөбе, Алматы, Қызылорда, Нұр-Сұлтан, Өскемен және Шымкент қалаларында байқалды.

<sup>97</sup> ХСБМ сайлау күні полицияға бірнеше рет хабарласты, бірақ қақтығыстың себептері туралы ақпарат берілген жоқ.

<sup>98</sup> Азаматтық қоғам топтары сайлау күні бүкіл ел бойынша 300-ден астам адам ұсталғаны туралы хабарлады, олардың жартысынан көбі Алматыда ұсталды. Ішкі істер министрлігі ресми [мәлімдеме](#) барлық адамдар қамаудан босатылғанын және ешкім әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылмағанын хабарлады.

<sup>99</sup> Билік өкілдерінің айтуынша, прокуратура интернет-ресурстарды немесе оларға кіруді бұғаттау туралы бұйрық берген жоқ.

көп болғанымен, олардың айтарлықтай қашықтықта бақылауын қадағалайтын УСК нұсқаулары үшін, дауыс беру тәртіптерін, әсіресе дауыс берушілерді сәйкестендіру барысын анық көре алмады.

Жалпы алғанда, COVID-19 салдарын жеңілдету шаралары қабылданды және барлық байқауға алынған сайлау учаскелерінде комиссия мүшелеріне, байқаушылар мен сайлаушыларға жеке қорғаныс құралдары болды. Алайда, сайлау учаскелерінде әлеуметтік қашықтықты сақтау ережесі әрдайым сақталмады және ХСБМ сайлау учаскелерінде адамдардың тым көп болу жағдайларын атап өтті. Байқалған сайлау учаскелерінің көпшілігінде УСК мүшелері учаскедегі адамдардың максималды санын шектеді және байқаушыларды, соның ішінде ХСБМ байқаушыларын қуған кездері болды.<sup>100</sup> Жоғары және орташа қауіп-қатер аймақтарында теріс ПТР тестін өткізу талабына қарамастан, ХСБМ бақылаушыларынан оларды көрсету әрдайым сұралған жоқ.

Дауыстарды санау байқауға алынған көптеген сайлау учаскелерінде УСК сайлаушылардың таңдауын немесе партияға берілген дауыстардың санын жарияламай, пайдаланылмаған бюллетендер мен сайлаушылар тізіміндегі сайлаушылардың қолдарын санау сияқты маңызды дәлдеу кепілдіктерін үнемі өткізіп жіберіп, сондай-ақ дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды жарияламай рәсімдерді жүйелі түрде жүргізбеді. УСК ХСБМ және ішкі байқаушылар дауыстарды санаудан үлкен қашықтықта болуларын талап етті, бұл дауыстарды санау барысының ашықтығын айтарлықтай шектеді.<sup>101</sup>

ХСБМ дауыстарды кестелеуді бақылаған 12 ТСК-тің 8-де бұл процесс айқын болмады. ХСБМ нәтижелердің деректер базасына ТСК деңгейінде енгізілуін тексере алмады немесе ұлттық кестелеуді көре алмады. Көп жағдайда жергілікті байқаушылар мен сенім білдірілген адамдар кестелеу кезінде болмады, ал бөлменің ішіндегі адамдар санының толып кетуі денсаулық сақтау тәртіптерін сақтауға мүмкіндік бермеді. Сайлау түні ХСБМ барған екі ТСК жабық болды және ешқандай дауыстарды кестелеу жүргізілген жоқ; қалған екі ТСК дауыстарды кестелеуді келесі күнге дейін ешқандай бір себепсіз кейінге қалдырды.<sup>102</sup>

Сайлауға қатысу 63,2 пайыз деп жарияланды. ОСК нәтижелерді УСК бойынша бөліп жарияламады, осылайша ашықтықтың маңызды кепілдігін айналып өтіп, халықтың сеніміне нұқсан келтірді.

*Дауыстарды санау және байқаушылардың көз алдында дауыстарды кестелеу барысында сайлау нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін бірыңғай ережелер мен рәсімдік кепілдіктер сақталуға тиіс. Ашықтық пен есеп берушілікті арттыру үшін сайлау нәтижелері округтер мен сайлау учаскелері бойынша бөліністе жариялануға тиіс.*

<sup>100</sup> «Еркіндік қанаты» мен Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі ХСБМ-на олардың бақылаушыларына УСК тарапынан кіруге жол берілмегені туралы хабарлады.

<sup>101</sup> 2002 жылғы ТМД Конвенциясының 14.3е бабында ұлттық байқаушылардың «дауыстарды санау рәсімінің көрінуін қамтамасыз ететін жағдайларда дауыстарды санауды бақылауға» құқығы бар, ал 15.8 d бабында халықаралық байқаушылардың «дауыстарды санаудың ашықтығын қамтамасыз ететін жағдайларда дауыс беруді, дауыстарды санауды және сайлау қорытындыларын шығаруды бақылауға» құқығы бар делінген.

<sup>102</sup> Алдыңғысы Атырау және Маңғыстау облыстарында болса, соңғысы Ақтөбе және Шымкент қалаларында болды.



## XVI. САЙЛАУДАН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

ОСК сайлаудың соңғы нәтижелерін 12 қаңтарда жариялады. Мәжіліске жаңа саяси партиялар кірген жоқ. Қатысқан бес партияның барлығы саяси нәтижеге қанағаттанатындықтарын білдірді және олардың ешқайсысы нәтижелерге қарсылығын көрсеткен жоқ. «Нұр Отан» тағы да білікті көпшілікті – Мәжілістің үштен екісінен астам орынын иеленді, ал парламенттік оппозиция туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін «Ақ жол» мен ҚХП ресми түрде парламенттік оппозиция деп танылды. Бұл екі топ та премьер-министрді қайта тағайындау бойынша дауыс бергенде қалыс қалды.<sup>103</sup> Жаңа заң сондай-ақ жеті парламенттік комитеттің екеуін «Нұр Отанға» кірмейтін депутаттар басқаруына алып келді. Екі комитетті әйел адамдар басқарады.

Екінші жағынан, ел ішінде де, ел шетінен аластатылған да тіркелмеген қозғалыстар сайлаудағы бұрмалаушылықтар туралы мәлімдеді және сайлау күні наразылық білдірушілерге қатысты әрекеттермен келіспеушіліктерін білдірді. 15 қаңтарда жаңа депутаттарды ұлықтау күні ҚДП көшбасшысы Алматыда «жалғыз адамдық пикет» өткізіп, жаңа депутаттарды парламентке заңсыз енді деп айыптады. Азаматтық байқаушылардың бірнеше тобы сайлауда көптеген бұзушылықтар туралы мәлімдеді.

15 қаңтарда президент саяси реформалардың екінші пакетін жариялады, оның ішінде ұлттық сайлау шегін жетіден бес пайызға дейін төмендету туралы ұсыныс болды. Ол сондай-ақ әкімдердің тікелей сайлауын енгізуді (оларды тағайындаудың орнына), саяси партияларды тіркеуді жеңілдетуді, онлайн-петицияларға рұқсат беруді және болашақ бюллетеньдерде «барлығына қарсы» дауыс беру мүмкіндігін енгізуді ұсынды.

## XVII. ҰСЫНЫМДАР

Бүкіл мәтіндегі осы ұсынымдар Қазақстан Республикасында сайлау өткізуді одан әрі жетілдіру және оларды ЕҚЫҰ міндеттемелеріне, басқа да халықаралық міндеттемелер мен демократиялық сайлау стандарттарына толық сәйкес келтіру жөніндегі күш-жігерді қолдау үшін берілген.<sup>104</sup> Бұл ұсынымдарды Қазақстан әлі орындауға тиіс ДИАҚБ-ның алдыңғы ұсынымдарымен үйлесімде қарау керек. ДИАҚБ Қазақстан билігіне сайлау үдерісін одан әрі жетілдіруде және осы және алдыңғы баяндамаларда қамтылған ұсынымдарды орындауда көмек көрсетуге дайын.

<sup>103</sup> ППК премьер-министрдің қайта сайлануына қарсы шығып, COVID-19 індетінен туындаған экономикалық проблемаларға және, ҚХП өз сайлау науқаны кезінде үкіметті ашық сынға алмағанына қарамастан, Президент ұсынған реформалардың баяу жүзеге асырылуына сілтеме жасады.

<sup>104</sup> ЕҚЫҰ-ның [1999 жылғы Стамбул құжатының](#) 25-тармағында ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер «ДИАҚБ-ның сайлау жөніндегі бағалауы мен ұсынымдарын жедел қадағалауға» міндеттенді. ДИАҚБ-ның бұрынғы ұсынымдары бойынша жұмыс ДИАҚБ ШСБМ-мен былайша бағаланады: ДИАҚБ-ның [2016 жылғы парламенттік сайлау бойынша Қорытынды есебіндегі](#) (2016 жылғы Қорытынды есеп) және ДИАҚБ-ның [2019 жылғы президенттік сайлау бойынша Қорытынды есебіндегі](#) (2019 жылғы Қорытынды есеп) ұсынымдарының ешқайсысы толық орындалмаған. 2016 жылғы Қорытынды есептен 4, 5, 8, 14 және 21, 2019 жылғы Қорытынды есептен 15 және 23 ұсынымдар негізінен орындалды. 2016 жылғы Қорытынды есептен 1, 12, 17 және 19 ұсынымдар, ал 2019 жылғы Қорытынды есептің 1, 6, 8, 12, 13, 18, 19, 22, 24, 26 және 28 ұсынымдары ішінара іске асырылды. Қосымша ДИАҚБ-ның [сайлау жөніндегі ұсынымдарының дерекқорын қараңыз](#).

## **А. БАСЫМ ҰСЫНЫМДАР**

1. Заң мен мемлекеттік саясат азаматтарға азаматтық және саяси құқықтарын жазалаудан, қудалаудан немесе қорқытудан қорықпай жүзеге асыруға мүмкіндік беруі керек. Билік органдары құқықтар мен бостандықтарды шектеуге бағытталған шаралардан қалыс қалуға және кез келген теріс пайдаланушылықты жедел әрі бейтарап түрде тергеуді қамтамасыз етуге тиіс.
2. Заңнамалық талаптар және саяси партияларды тіркеу бойынша күрделі әкімшілік тәртіптер қауымдастықтардың плюрализмі мен еркіндігін құрметтеу және ілгерілету мақсатында жан-жақты қайта қарастырылуы тиіс. Саяси партияларды тіркеу объективті, ашық түрде жүзеге асырылып, тиімді сот бақылауына жатуға тиіс.
3. ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық міндеттемелерге сәйкес, сондай-ақ ДИАҚБ-ның басқа да бұрынғы ұсынымдарын ескере отырып, бейбіт жиналыстардың, сөз бен пікір еркіндігі және қауымдастықтардың негізгі бостандықтарына шектеулерді алып тастау мақсатында құқықтық база жан-жақты қайта қаралуға тиіс. Реформа келесі сайлауға дейін барлық тиісті мүдделі тараптармен ашық және мазмұнды консультациялар негізінде жүргізілуі керек.
4. Билік органдары, оның ішінде Орталық сайлау комиссиясы бақылаушылардың сайлау үдерісіне қатысу ережелерін шектеп түсіндіруден және жөнсіз қолданудан өзін шектеуі тиіс. Кез-келген осындай ережелер нақты, уақтылы жарияланып және кемсітушіліксіз сипатта болуы керек.
5. Конституциямен кепілдік берілген, пікір білдіру бостандығына, оның ішінде диффамация мен өшпенділікті қоздыруға байланысты, құқықтың заңдардағы шектеулері заңдылық, орындылық және үйлесімділік қағидаттарына қатаң сәйкес келуі тиіс.
6. Дауыстарды санау және байқаушылардың көз алдында дауыстарды кестелеу барысында сайлау нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін бірыңғай ережелер мен рәсімдік кепілдіктер сақталуға тиіс. Ашықтық пен есеп берушілікті арттыру үшін сайлау нәтижелері округтер мен сайлау учаскелері бойынша бөліністе жариялануға тиіс.

## **В. БАСҚА ҰСЫНЫМДАР**

### **Сайлау жүйесі**

7. Парламенттің плюрализмі мен өкілдігін арттыру үшін парламентке еруге үміткер партиялар үшін жеті пайыздық шекті төмендету мәселесін қарастыруға болады.
8. Парламенттің кем дегенде бір палатасындағы барлық орындардың жалпыхалықтық дауыс беру кезінде еркін бәсекелестігін қамтамасыз ету үшін заңнама қайта қаралуы тиіс. Депутаттық мандаттың жеке сипатын ескере отырып, депутаттарға, егер олар қаласа, партияларды ауыстыруға немесе тәуелсіз болуға рұқсат етілуі тиіс.

### **Сайлау әкімшілігі**

9. Ашықтық пен есеп берушілікті арттыру үшін Орталық сайлау комиссиясы өзінің барлық шешімдерін, кандидаттар туралы егжей-тегжейлі деректерді, дауыс берудің

бөлшектелген нәтижелерін және сайлау туралы басқа да негізгі деректерді қоса алғанда, оңай және жедел қол жеткізуді қамтамасыз ететін нысанда жариялауы тиіс. Бұл деректерді әртүрлі мүгедектік топтарындағы адамдар үшін қол жетімді форматта қол жетімді ету туралы мәселені қарастырған жөн.

10. Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырып жатқан мүгедектігі бар адамдардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі маңызды шаралар жалғасын табуы қажет. Сайлау учаскелері қызметкерлерінің хабардарлығын арттыру, сондай-ақ сайлаушыларды мақсатты түрде оқыту мүгедектігі бар адамдардың сайлау процесіне қатысуын кеңейте алар еді.

### **Сайлаушыларды тіркеу**

11. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан азаматтардың сайлау құқығынан толық айыру және сайлауда дауыс беру және сайлауға түсу құқықтарына қабілеттілігі негізінде қойылған шектеулер халықаралық стандарттар мен міндеттемелерге сәйкес қайта қарастырылуы тиіс.
12. Сайлаушылар тізімдерінің дәлдігін арттыру үшін күш салу керек. Сайлау комиссиялары мен әкімдіктер арасында тиімді деректер алмасу берілген сайлау кезеңі ішінде сайлаушылар тізіміндегі жазбаларды уақтылы түзетуге мүмкіндік беруі тиіс.
13. Сайлаушыларды тіркеудің тұтастығын нығайту үшін сайлаушыларды сайлау күні қосымша тіркеу тек нақты белгіленген құқықтық нормаларға сәйкес рұқсат етіліп, сот немесе әкімшілік бақылауға жатып, бірнеше рет тіркеуге қарсы тиімді кепілдіктерімен қамтамасыз етілуі керек.

### **Үміткерлерді тіркеу**

14. Тәуелсіз үміткерлер парламенттік сайлауға қатысуға жіберілуі тиіс. Тұрғылықты жері мен соттылығы бойынша үміткерлікке ұсынуға қойылатын шектеулер халықаралық стандарттар мен озық практикаға сәйкес қайта қаралуы тиіс.
15. Әйелдердің саяси өмірге қатысуын кеңейту жөніндегі одан арғы шараларды қарастыру қажет. Парламент мүшелері арасында әйелдер санының тиімді ұлғаюын қамтамасыз ету үшін кандидаттар тізіміне де, мандаттарды бөлуге де гендерлік квоталардың тиімді жүйесін қолданған жөн.
16. Сайлау туралы заң кандидатты тіркеуден шығару және сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тану сот шешімі бойынша заңнаманы өрескел бұзған жағдайда ғана қолданылатын ерекше шаралар болып табылатындығына кепілдік беретіндей етіп қайта қаралуы тиіс. Мұндай шараларды қолдану әрқашан үйлесімділік қағидатын сақтай отырып жүзеге асырылуға және нақты құқықтық негіздерге негізделуге тиіс.

### **Сайлау науқаны**

17. Халықаралық стандарттарға толық сәйкес болу үшін Бейбіт жиналыстар туралы заң барлық адамдардың бейбіт жиналыстарға құқықтарын жүзеге асыруды жеңілдететіндей қайта қаралып, жүзеге асырылуы тиіс.

### **Науқанды қаржыландыру**

18. Жаппай партиялық құрылысқа жәрдемдесу мақсатында және жеке донорлардың заңсыз ықпалына және саяси сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін, тұрақты іс-шаралар мен науқан өткізу үшін саяси партияларға жеке қайырымдылыққа дербес шектеулер қою туралы мәселені қарастыруға болады.
19. Ашықтықты арттыру үшін қаржыландыру көздері мен нақтыланған шығыстар туралы деректерді қоса алғанда, науқандарды қаржыландыру туралы егжей-тегжейлі есептердің жариялануы қажет.
20. Сайлау науқанын қаржыландыруға арналған жарналар мен шығыстар Орталық сайлау комиссиясы тарапынан жан-жақты бақылауға алынуы тиіс, оған сайлау науқанын қаржыландыруға қатысты мәнді тексерістер жүргізу үшін заңдық өкілеттіктер мен ресурстар берілуі тиіс.

### **БАҚ**

21. Меншік және бұқаралық ақпарат құралдарын қаржыландыру көздері туралы ақпарат көпшілікке жария етілуі тиіс. Медиа алуандығын қолдау және редакциялық дербестігін арттыру үшін мемлекеттік субсидиялар мен жарнамаларды бөлу ашық болуы керек.
22. Сөз бостандығын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін веб-сайттардың, блогтардың және басқа да интернет-ресурстардың жұмысына кез келген шектеулер ашық, заңмен нақты белгіленген, сот қадағалауына жататын және қажеттілік пен мөлшерлестіктің қатаң өлшемшарттарына сәйкес келуі тиіс.

### **Арыздар мен шағымдар**

23. Түсініксіздіктерді жою және біріктірілген іс жүргізу базасы мен барлық деңгейдегі сайлау комиссияларында сайлау дауларын шешудің тиісті іс жүргізу кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында шағымдар мен апелляцияларды қараудың құқықтық базасын қайта қарау қажет.
24. Сайлау туралы заңға сайлауға мүдделі тараптардың барлық деңгейдегі сайлау нәтижелеріне шағым беру құқығын тікелей көздейтін түзетулер енгізілуі қажет. Ол сондай-ақ осындай шағымдарға қатысты юрисдикцияны нақты анықтап, сайлау нәтижелерінің ықтимал жарамсыздығының объективті өлшемдерін белгілеуі керек.
25. Барлық мүдделі тараптардың тиімді құқықтық қорғауын қамтамасыз ету және сайлау дауларын шешуге қоғамның сенімін арттыру үшін сайлау комиссиялары мен соттар сайлаудағы бұзушылықтар мен дауларға қатысты барлық хабарламалардың мазмұнын мұқият және бейтарап түрде қарастыруы керек. Озық тәжірибеге сәйкес шағым беру үшін шаблон жасауға болады және форматтағы кемшіліктер сияқты формалды негіздер бойынша шағымдардың қабылданбауы туралы шешім қабылдаудан бас тарту қажет.

## I ҚОСЫМША: ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕР<sup>105</sup>

|  |            |
|--|------------|
| Тіркелген сайлаушылардың толық саны    | 11 919 241 |
| Дауыс берген сайлаушылардың толық саны | 7 539 280  |
| Сайлауға қатысу (пайызы)               | 63,2       |

| Партия атауы             | Нақты дауыс саны | Пайыз | Мәжілістегі орындар саны |
|--------------------------|------------------|-------|--------------------------|
| Нұр Отан                 | 5 148 074        | 71,09 | 76                       |
| Ақ жол                   | 792 828          | 10,95 | 12                       |
| Қазақстан халық партиясы | 659 019          | 9,10  | 10                       |
| Ауыл                     | 383 023          | 5,29  | 0                        |
| Адал                     | 258 618          | 3,57  | 0                        |

---

<sup>105</sup> [ОСК](#) ресми жарияланымына сай.

## II ҚОСЫМША: ШЕКТЕУЛІ САЙЛАУДЫ БАЙҚАУ МИССИЯСЫНА ҚАТЫСҚАН БАЙҚАУШЫЛАР ТІЗІМІ

### ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы

|                      |                      |                    |                     |
|----------------------|----------------------|--------------------|---------------------|
| Кристиан Вигенин     | ПМ                   | Арнайы үйлестіруші | Болгария            |
| Пиа Каума            | ПМ                   |                    | Финляндия           |
| Сирейн Моборн        | ПМ                   |                    | Франция             |
| Фарима Дафтари       | ЕҚЫҰ ПА Секретариаты |                    | Франция             |
| Александра Туссан    | ЕҚЫҰ ПА Секретариаты |                    | Франция             |
| Гвидо Альмеригонья   | ЕҚЫҰ ПА Секретариаты |                    | Италия              |
| Анастасия Гриадасова | ЕҚЫҰ ПА Секретариаты |                    | Қырғыз Республикасы |

### ДИАҚБ ШСБМ Негізгі тобы

|                               |                  |                     |
|-------------------------------|------------------|---------------------|
| Елші Ярослав Марчин Доманьски | Миссия жетекшісі | Польша              |
| Армен Мазманян                |                  | Армения             |
| Анна Папикян                  |                  | Армения             |
| Михаэла Сивих                 |                  | Аустрия             |
| Эльма Шехалич                 |                  | Германия            |
| Ахмад Расули                  |                  | Қырғыз Республикасы |
| Роман Рэйлин                  |                  | Молдова             |
| Михал Галковски               |                  | Польша              |
| Каролина Семина               |                  | Ресей Федерациясы   |
| Саша Покражач                 |                  | Сербия              |
| Мартина Баркер-Циганикова     |                  | Словакия            |
| Доминик Хауэлл                |                  | Біріккен Корольдік  |

### ДИАҚБ ШСБМ Ұзақ мерзімді байқаушылары

|                     |                         |
|---------------------|-------------------------|
| Ануш Хайрапетян     | Армения                 |
| Вероника Хомолова   | Чех Республикасы        |
| Роман Станек        | Чех Республикасы        |
| Сини-Тулиа Нумминен | Финляндия               |
| Инго Бютнер         | Германия                |
| Анке Керл           | Германия                |
| Янина Маркевич      | Германия                |
| Беата Фал           | Мажарстан               |
| Сара Маццали        | Италия                  |
| Гвилиано Салис      | Италия                  |
| Эмиль Шакир Уулу    | Қырғыз Республикасы     |
| Кристина Богданова  | Ресей Федерациясы       |
| Евгений Логинова    | Ресей Федерациясы       |
| Андрей Оствальд     | Ресей Федерациясы       |
| Валентин Воронков   | Ресей Федерациясы       |
| Йоханна Линден      | Швеция                  |
| Астрид Нунез        | Швеция                  |
| Зигрид Уттерман     | Швеция                  |
| Бен Джоунз          | Біріккен Корольдік      |
| Александра Пажевич  | Біріккен Корольдік      |
| Пол Вессон          | Біріккен Корольдік      |
| Джозеф Уоррал       | Біріккен Корольдік      |
| Набил Әл-Тикрити    | Америка Құрама Штаттары |
| Ребекка Грэм        | Америка Құрама Штаттары |
| Грегори Хоуэлл      | Америка Құрама Штаттары |

## ДИАҚБ ЖАЙЛЫ

Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро (ДИАҚБ) ЕҚЫҰ-ның қатысушы мемлекеттерге «адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды толық құрметтеуді қамтамасыз етуге, заңның үстемдігін сақтауға, демократия қағидаттарын ілгерілетуге және (...) демократиялық институттарды құруға, нығайтуға және қорғауға, сондай-ақ бүкіл қоғамда төзімділікті көтермелеуге» көмегін көрсетуге арналған басты мекемесі (1992 жылғы Хельсинки саммитінің құжаты). Мұны ЕҚЫҰ-ның адами өлшемі деп атайды.

Варшавада (Польша) орналасқан ДИАҚБ 1990 жылғы Париж саммитінде Еркін сайлау бюросы ретінде құрылып, 1991 жылдың мамыр айында өз жұмысын бастады. Бір жылдан кейін Бюро атауы адам құқықтары мен демократияландыруды қамтитын кеңейтілген мандатты көрсету мақсатымен өзгертілді. Бүгінде онда 150-ден астам қызметкер жұмыс істейді.

ДИАҚБ Еуропадағы **сайлауды бақылау** саласындағы жетекші агенттік болып табылады. Жыл сайын ол ЕҚЫҰ аумағында сайлау ЕҚЫҰ міндеттемелеріне, басқа да халықаралық міндеттемелер мен демократиялық сайлау стандарттарына және ұлттық заңнамаға сәйкес өткізілетінін бағалау үшін мыңдаған бақылаушыларды орналастыруды үйлестіреді және ұйымдастырады. Оның ерекше әдістемесі сайлау барысын терең түсінуге мүмкіндік береді. ДИАҚБ қолдау көрсету жобалары арқылы қатысушы Мемлекеттерге өздерінің сайлау жүйесін жақсартуға көмектеседі.

Бюроның **демократияландыру** саласындағы қызметіне құқық үстемдігі, заңнамалық қолдау, демократиялық басқару, көші-қон және жүріп-тұру еркіндігі, сондай-ақ гендерлік теңдік кіреді. ДИАҚБ жыл сайын демократиялық құрылымдарды дамытуға бағытталған мақсатты көмектің бірқатар бағдарламаларын іске асырады.

ДИАҚБ сондай-ақ қатысушы Мемлекеттерге ЕҚЫҰ-ның адами өлшем саласындағы міндеттемелеріне сәйкес **адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын** көтермелеу және қорғау жөніндегі өз міндеттемелерін орындауына жәрдем көрсетеді. Бұған ынтымақтастықты нығайту, әлеуетті арттыру және терроризмге қарсы күрестегі адам құқықтары, адам саудасы құрбандарының адам құқықтарын қорғауды күшейту, адам құқықтары саласындағы білім беру мен оқыту, адам құқықтары саласындағы мониторинг пен есептілік, сондай-ақ адам құқықтары мен әйелдер қауіпсіздігі сияқты тақырыптық салаларда сараптамалық білім беру мақсатында түрлі серіктестермен бірігіп жұмыс істеу арқылы қол жеткізіледі.

**Төзімділік пен кемсітпеушілік** саласында ДИАҚБ қатысушы Мемлекеттерге өшпенділік негізіндегі қылмыстарға және нәсілшілдік, ксенофобия, антисемитизм және төзбеушіліктің басқа да нысандары жағдайларына қарсы жауап ретіндегі әрекеттерін күшейтуге қолдау көрсетеді. ДИАҚБ-ның төзімділікпен және кемсітпеушілікпен байланысты қызметі келесі салаларға бағытталған: заңнама; құқық қорғау органдарының қызметкерлерін оқыту; өшпенділікке негізделген қылмыстар мен инциденттерін мониторингілеу, есептілік және әрекет ету; сондай-ақ төзімділікті, құрмет пен өзара түсіністікті көтермелеу жөніндегі ағартушылық қызмет.

ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге олардың **Рома мен Синти** топтарына қатысты саясаттары бойынша кеңес береді. Бұл Рома мен Синти қауымдастықтары арасындағы әлеуетті арттыруға және байланыс орнатуға ықпал етеді, сонымен қатар Рома мен Синти өкілдерінің шешім-қабылдаушы органдарға қатысуын қолдайды.

ДИАҚБ-ның барлық қызметі ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттермен, ЕҚЫҰ институттарымен және далалық операциялармен, сондай-ақ басқа да халықаралық ұйымдармен тығыз үйлестіру мен ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

Толық ақпаратты ДИАҚБ сайтынан алуға болады ([www.osce.org/odihr](http://www.osce.org/odihr)).